



34,3 МЛРД. ТЕНГЕ ҚАРЖЫ ҚАРАЛДЫ

Сарқылмасын Сыр - Ана!



№29
(1836)
23 шілде
2026 жыл
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW Qaa.kz qaa.kz Ақмешіт Ақшамы Газеті

Үкімет пен әкім

Н.НӘЛІБАЕВ БАҚЫЛАЙДЫ

Осы аптада Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында отандық автокөлік жасау саласының қазіргі жағдайы мен алдағы даму перспективалары қаралды.

көлемін 190 мың бірлікке дейін арттыру, оның ішінде 177 мың жеңіл автокөлік, 10 мың бірлік жүк және арнайы техника, 3 мың автобус шығару жоспарлануда.

Қазір автокөлік құралдарын шығаратын 11

жұмыс орны ашылыпты. 2026 жылдың төртінші тоқсанында жалпы қуаты жылына 1 мың бірлік болатын Volvo және XCMG маркалы тартқыштар шығаруды бастау жоспарланып отыр.

Отырыс қорытындысы бойынша Олжас Бектеновтің тапсырмасы:

Жеңіл автомобильдерге арналған болат өндірісін қолға алу қажет.

Сонымен қатар мыс, алюминий, хромды терең өңдеу, резеңке, пластик, кабель және басқа да өнім түрлерін дамыту саласында да үлкен әлеует бар. Жобаларды жүзеге асыру локализациялау деңгейін арттыруға, өндірістік кластерлер қалыптастыруға және қазақстандық қамту үлесін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Бүгінде еліміздің негізгі күре жолдарының бойында электр көліктерін қуаттайтын 70-ке жуық станция жұмыс істеп тұр.

Электр қуаттау станцияларының желісін дамыту үшін ірі халықаралық компанияларды тарту жұмыстарын күшейту керек.

Елімізде электромобильдерге арналған аккумуляторлар өндірісінің жаһандық тізбегіне ықпалдасу үшін қажетті шикізат қоры бар.

Аккумулятор өндірісінде аса маңызды – сфералы графит шығаратын ірі жобаны іске қосу жоспарланып отыр.

Бір ай мерзімде машина жасау саласындағы кәсіптік стандарттарды цифрландыру мен озық инновациялық технологиялар, автокөлікті электрлендіру сынды заманауи талаптарға сәйкестендіре отырып, жаңарту керек, бір ай мерзімде ғылыми-зерттеу зертханаларын құру жөнінде нақты ұсыныстар енгізуі қажет.

Он күн ішінде автокөліктердің ел аумағына заңсыз әкелінуіне жол бермеу жөнінде шаралар кешенін әзірлеу қажет.

Заңсыз әкелінетін көлік құралдары көбінесе белгіленген техникалық және экологиялық талаптарға сәйкес келмейді. Кедендік өкімшілендіру мен техникалық реттеу саласындағы тиісті тәсілдер осы жылдың 1 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілуі тиіс.

Үкімет басшысының тапсырмаларының орындалуын жалпы бақылау және үйлестіру Үкімет басшысының бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевқа жүктелді.

КҮННІҢ ЫСТЫҒЫ ЖАРЫҚТЫ “ЖЕП” ҚОЮДА

Қызылорда қаласының тұрғындарының жарыққа байланысты шағымдары жиі айтылады.

Қалаға жаңадан ЖЭО-ғы салынды, енді өзімізді өзіміз қуатпен қамтамасыз етіп қана қоймай, өзге өңірге жарық сатамыз дегенімізбен, қаланың әр бұрышында жарықсыз қалып қойған тұрғындар абыржып, “жарық қайда” деп жар салып жатқаны биліктегілерді де бей-жай қалдырмаса керек.

Осы аптаның сейсенбісінде Өңірлік коммуникациялар қызмет алаңда “Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ы оңалтуды басқарушы Б.Жантосов брифинг берді

Жыл сайын қала аумағы өсіп жаңадан көптеген нысандар салынуда. Қызылорда қаласының 35/10 кВ электр желілері мен қосалқы станцияларының тозу деңгейі 60%-ға жетіп,тоқ өткізу қабілеті өз нормасына жеткен.

Қазіргі таңда Қызылорда қаласында 240 мегаваттық жаңадан жылу электр станциясы іске қосылып, өндірілген қуатты 220 кВ электр желісіне беруде, бұл Оңтүстік өңірде электр энергиясының тапшылығын болдырмауға өз үлесін қосып отыр. 220 кВ электр желілері «KEGOK» АҚ-ң меншігінде болып табылады. Ал «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ы Қызылорда қаласын 35 кВ электр желілері мен 35/10 кВ қосалқы станциялары арқылы электр энергиясымен қамтамасыз етуде. Ауа райы температурасының аномальды түрде көтерілуі салдарынан 35 кВ әуе желілері мен 35/10 кВ қосалқы станцияларының жүктемелері өте жоғары болуда. Қалыпты жағдайда Қызылорда қаласы 92 МВт электр энергиясын пайдаланса, ауа райының ысуы салдарынан оның көлемі 122 МВт дейін яғни 32 пайызға артып отыр.

4-бетте

2-бетте

Сонымен Құрылтайға депутаттар сайлауына дайындық қызу қарқын алды. Тіпті сайлауды ұйымдастыруға, өткізуге қажетті қаражат та бөлінді. Бас-аяғы 34,3 млрд. теңге. Былтыр биылғы жылдың бюджеті бекіген уақытта әлі Құрылтай сайлауы туралы әңгіме болмағандықтан, биылғы республикалық бюджетте оған қаржы қаралмағандықтан Үкімет өз резервінен 34,3 млрд.теңгені бөлді.

Неге 34,3 млрд.теңге? Қандай негізде деген сұрақтың болатыны заңды. Орталық сайлау комиссиясының хатшысы Ш.Өтемісовтың айтуынша аумақтық сайлау комиссияларының сұранысы және сайлау заңдылықтарының талаптарына сәйкес осылай есептелген.

34,3 млрд.теңге аз ба, көп пе? Көбімізге көп көрінетіні сөзсіз.Тамыздағы сайлауда еліміз бойынша 10674- тен астам сайлау учаскелерінде 70 мыңнан астам адам қызмет етеді екен.Қаралған қаражаттың 25%- ы, яғни 8,5 млрд. теңгесі сайлау комиссияларының жұмысын ұйымдастыруға жұмсалатын көрінеді. Жаңадан 47 сайлау учаскелері ашылады, дауыс беру парағын салатын урналар,дауыс беру кабиналары, тағы да басқа қажетті заттар сатып алынады.Сайлау бюллетендерін басып шығару, сайлауға қатысатын саяси партиялар туралы ақпараттық, әдістемелік қосымша оқу құралдары, плакаттар әзірлеу, өтетін күні мен уақытын қамтып, сайлаудың ақпараттық плакаттарын шығару, жалпы науқанды ақпараттық қолдау,сайлау комиссияларының байланыс, көлік, кеңсе тауарлары бәрі де құр батаға түспейді, ақша тұрады.Оның үстіне 61 шетелдегі 80 сайлау учаскесінің шығынына 124,5 млн. теңге жұмсалады екен.

Шығындарын қарағанда , көпке көп көрініп тұрған 34,5 млрд.жетпей қалатындай көрінеді.Алайда тиісті мамандар артығын алып тастап, кем жерін келтіріп, сайлау науқанында күндіз- түні тынбастан қызмет ететіндердің еңбегінің , шілдеден басталған сайлау дайындығын шығындарының бастан- аяқ есебін шығарған болар..Әйтпесе, сайлаудан соңғы өкпе, реніш кімге керек?

КІМДЕРГЕ ДАУЫС БЕРЕМІЗ?

Алдағы тамыздың 23-інде өтетін Құрылтай сайлауында дауысқа түсетін саяси партиялардың барлығы тіркеуден өтті. Демек, ертеңгі сайлау қорытындысымен депутат болудан үміткерлер арасындағы қызылордалықтардың да атын атап, түсін түстеуге болады. Алдымен үміткері көп “Әділет” саяси партиясы ұсынған қызылордалықтарды түгендер болсақ, 1965-шы жылы 20 тамызда “Төменарық” ауылында дүниеге келген мемлекет және қоғам қайраткері, Мәжілістің IV-ші және VIII-ші шақырылымдарының депутаты, кезінде Білім және ғылым вице-министрі болған М.Өбеновтен бастаған әділетті болар. Альфавит бойынша да, өмір дерегі де осыған сай келеді. Тәуелсіздік жылдары Қызылорда өңірінен алғаш “Қазақстанның Еңбек Ері” атағын алған белгілі күрішші-кәсіпкер, бұрынғы Мәжіліс депутаты Абзал Ералиевтің ізбасары, 1989-шы жылы дүниеге келген Мажан Ералиев, күрішші-кәсіпкер, екінші “Қазақстанның Еңбек Ері” 57 жастағы Имамзада Шағыртаев, Арал ауданының, Қызылорда қаласының әкімі, облыс әкімінің бірінші орынбасары, Экология, Геология және табиғи ресурстар министрлігінің вице-министрі қызметтерінде елге танымал болған, ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз АҚ-ның вице-президенті 61 жастағы С.Қожаниязов, облыстық білім басқармасының басшысы, Ақтөбе облысындағы Қобда ауданының әкімі, Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары, Қазалы ауданы әкімі қызметтерін атқарған облыс әкімінің орынбасары, 54 жастағы М.Шермағанбетов, құрылысшы-кәсіпкер, облыстық мәслихат депутаты Б.Нұркен бар.

Облыстағы басқа да саяси партиялар ұсынған қызылордалық үміткерлерде түгелдей тіркеуден өтті. “Ауыл” партиясынан осы партияның Орталық аппараты төрағасының орынбасары, 42 жастағы Шахмардан Байманов бар. Шахмардан Асқарұлы бұған дейін Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары қызметтерін атқарды. Біраз қызмет өткелдерінен өткен оның ең ірі лауазымдарын айтар болсақ, бір кездері Ақмола облысы жастар саясаты басқармасының басшысы, “НұрОтан” жастар қанатының жетекшісі, Жастар саясаты мен отбасы істері комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған. Айтпақшы, 2016-шы жылы өткен Парламент сайлауында Мәжіліске депутаттыққа үміткер болған. Осы партияның облыстық филиалының жетекшісі облыстық мәслихат депутаты, 60 жасқа жетіп қалған Садық Мұстафа да үміткерлер тізімінде. Кезінде облыстық туризм, денешынықтыру және спорт басқармасының басшысы болған ол қазақша күрес бойынша спорт шебері, дзюдо бойынша халықаралық дәрежедегі төреші, Қазақстанның Құрметті Спорт Қайраткері, Қазақстанға Еңбек Сіңірген жаттықтырушы. Ауылдың тағы бір үміткері – Абдуразақова София Ринатқызы да қызылордалықтарға “Мансап” оқу орталығы арқылы жақсы таныс. Шамалы уақыттан бері “Ауыл TRUST” корпоративтік қорын ашып, ауылды дамытуға бет бұрып жүр. Белгілі журналист, “Сыр дидары” газетінің редакторы, дәстүртанушы, 46 жастағы С.Алдашбаев та “Ауылдың” үмітін арқаалап отыр. Республика партиясы тізімінде қызылордалық 1 үміткер бар. Венера Дәулетбаева “Venera Print” иесі, одан бөлек облыстық кәсіпкерлер палатасының жанындағы әйелдер кәсіпкерлігі кеңесінің төрайымы, “Ақ Жол” партиясы Қызылорда қалалық мәслихат депутаты, “Қызылорда! аз” мекемесінің жауапты қызметкері Ақманат Төлегеноваға сенім артып отыр. “Қазақстанның Халық партиясы” белгілі құрылысшы-кәсіпкер, облыстық мәслихат депутаты, партияның өңірдегі филиал басшысы, 61 жастағы Қ.Ерназаровты үкілепті.

Өріне тізімдегі барлық үміткердің депутат болуы мүмкін емес. Ертеңгі сайлауда қай партия көп дауыс жинайды, жинаған дауысына қарай нешінің орын алады, соған орай үміткерлер тағдыры да шешіледі.

Ескерту: Үміткерлердің барлық өмір тарихын, қызмет орны қамтуды жөн санамадық...

ЖЕКЕ КӨМЕКШІЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТ АҚЫСЫНА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КОЭФФИЦИЕНТ ҚОСЫЛАДЫ МА?

2026 жылы 17 маусымда 40 шақты адам бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға ілесіп жүру қызметін көрсететін жеке көмекшілер қызмет ақысы үшін экологиялық коэффициент телеуге сотқа талап арызбен жүгініп, апелляциялық соттың шешіміне сәйкес 2023-2025 жылдар үшін экологиялық коэффициент телеуді, соттың атқару парағын талап қоюшыға беруді талап етіп, облыс әкімдігінің ғимаратына жиналды.

Келушілерге апелляциялық сот шешімінің атқару парағын облыстық сот кеңсесінен алу қажеттігі, қалған жеке көмекшілерге кассациялық сатыдағы сот шешіміне сәйкес төлеу туралы шешім қабылданатыны туралы түсіндіргеннен кейін, олар тарқады.

Бүгінгі күнге Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты, Арал, Қазалы, Қармақшы, Шиелі аудандық соттарымен жеке көмекшілердің қызмет ақысына экологиялық коэффициент есептеп, төлеу бойынша талап арызбен жүгінген 576 адамның әкімшілік ісі қаралуда. Оның ішінде 383 адамның

әкімшілік ісі бірінші сатыдағы соттың шешімімен қанағаттандырылды. Қанағаттандырылған шешімдердің күшін жою туралы Қызылорда облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасына аудандық қалалық жұмыспен қамту бөлімдерімен апелляциялық шағымдар берілуде. Қазіргі таңда 266 жеке көмекшінің талап арызы Қызылорда облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының қарауында, оның ішінде 50 адамның әкімшілік ісі аяқталып, бірінші сатыдағы соттың шешімі өзгеріссіз қалдырылды. Қазіргі таңда 3 адамның әкімшілік ісі бойынша кассациялық сатыға шағым берілді.

Кассациялық сатыдағы сот шешімі жеке көмекшінің пайдасына шешілген жағдайда облыс бойынша 2762 жеке көмекшіге экологиялық үстеме ақы төлеуге 2023-2025 жылдарға 3млрд. 989 млн. теңге, әрі қарай жыл сайын 1,7 млрд. теңге көлемінде қаржыны бөлуді қажет етеді.

ЖҰМЫС ОРНЫН АШУДАН 2-ШІ ОРЫНДАМЫЗ

Шындығында солай. Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ж.Дәулетбаеваның брифингте берген мәліметі бойынша халықты жұмыспен қамту және олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жыл бойынша тұрақты тұрақты жұмыс орндарының құрылуына «**Өңірлік жұмыспен қамту картасы**» бекітіліп жүзеге асырылып келеді.

«Өңірлік жұмыспен қамту картасындағы» жетістіктерге қол жеткізу үшін жыл басынан бері **бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі** мен **«Ашық есік күндері»** кең форматта белсенді жүргізілуде екен.

5-бетте

«ҮЗДІК АУЛА-2026» БАЙҚАУЫНА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ



БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ:

Қаламыздың аула аумақтарын абияттандыруды, көгалдандыруды, тазалықты сақтауды, жасыл және жайлы орта құруды насихаттау, ең үздік аулаларды анықтау.

ҚАТЫСУШЫЛАР:

Қызылорда қаласының көпқабатты тұрғын үйлерінің аула тұрғындары.

БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ:

- ✓ Ауланың тазалығы мен күтімі
- ✓ Көгалдандыру және гүлдendirу
- ✓ Инфрақұрылымның болуы (орындық, қоқыс жәшігі, жарықтандыру т.б.)
- ✓ Балалар мен демалыс аймақтарының қолжетімділігі
- ✓ Шығармашылық және ерекше дизайн
- ✓ Тұрғындардың белсенді қатысуы

ЖЕҢІМПАЗДАР

ҚОМАҚТЫ АҚШАЛАЙ СЫЯҚЫМЕН МАРАПАТТАЛАДЫ!

ҚАТЫСЫҢЫЗ!

ҚАЛАМЫЗДЫ БІРГЕ КӨРКЕЙТЕЙІК!

ТАЗА АУЛА – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ! | #QZO #QZYLORDA | #Үздікаула2026

Қызылорда қаласында Қала күнін мерекелеу аясында «Үздік Аула» байқауын өткізу дәстүрге айналған үрдіс. Биыл бұл байқау тоғызыншы мәрте өткізілуде.

Байқау шарты бойынша жасыл желекті көпқабатты тұрғын үйдің ауласына ғана емес, жеке тұрғын үйдің сыртқы аумағына да өз еңбегімен еккен қала тұрғындары қатыса алады. Ол үшін инстаграмм, фейсбук әлеуметтік желілері арқылы **#Qzo #Qzylorda #Үздікаула2026** хэштегтеріні міндетті түрде пайдалана отырып, «Сүйікті қалам – Қызылорда» тақырыбында жылы лебізін жолдап, көгалдандырудағы тәжірибесімен бөлісіп, өз парақшасында сапалы суреттер мен 16:9 форматындағы видеоны жариялау қажет.

Байқауға материалдар 20 шілде мен 1 қыркүйек аралығында қабылданады. Байқаудың қорытындысы комиссия шешімен анықталып, қала күніне арналған салтанатты іс-шарада марапатталады. Бұған дейін жеңімпаз атанған аулалар байқауға қайта қатыса алмайды. I, II, III орын жеңімпаздарын бағалы сыйлықтар күтеді.

САЯБАҚТЫҢ КҮТІМІН КӨРДІ

Қала әкімі Нұржан Ахатов қаладағы саялы орындардың бірі — Батырхан Шөкенов саябағына барып, көгалдар мен жасыл-желектің суарылуын, тазалығы мен эстетикалық жай-күйін қарады.

Аралауда жауапты мамандарға саябақтағы орындықтарды сырлап, жарықшамдар мен қоқыс жәшіктерін тазалауды, арамшөптерді жұлып, қажетті шараларды жедел қолға алуды тапсырды.

Әкім аралағаннан соң іле-шала оның тапсырмасы орындалып, саябақтағы орындықтар, қоқыс жәшіктері сырланып шамдар сүртілуде. Әкім аралағаны текке кетпеді.

Әлеуметтік желіден: - Паркте

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН ҚОҒАМ БОЛЫП ҚҮРЕСУ- МІНДЕТІМІЗ

Жемқорлықпен қоғам болып күресу- заң бұзушылыққа бармаудың бірден – бір тетігі. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»Заңның 23- бабында жұртшылықтың (жеке тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер және өзге де заңды тұлғалар) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимылға қатысу жөнінде кеңінен айтылған. Мысалы: Заң бойынша жеке тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер және өзге де заңды тұлғалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнама мен құқық қолдану практикасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізе алады. Бұл - нағыз өркениетті мемлекет қалыптастыру.

Мемлекеттік қызмет саласындағы бірден бір ұстанымыз-сыбайлас жемқорлыққа тәзбеушілік қағидасын ұстану болса, заң аясында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, халық ақпараттану үшін баспасөзде кеңінен ақпараттық материалдар жариялау қоғамдық жариялық деп түсінемін.

«Ақтоған ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде заң талаптарын сақтау, бұзбау, алдын-алу бағытында тоқсан сайын заңдық түсіндірме сағаты жүргізіледі.

АҚТОҒАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ОНЫҢ ІШІНДЕ ОСЫ ОРГАННЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін басшының Т.А.Ә.	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның мекен-жайы	Байланыс телефоны
«Ақтоған ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Ахметов Ержанбек Сүйіндіқұлы	Ақтоған ауылдық округі әкімі	Әр аптаның бейсенбі күні Сағат 9 ⁰⁰ -ден 19 ⁰⁰ —-ге дейін	Шиелі ауданы Ақтоған ауылдық округі, Дөсбол дағқа ауылы О.Сәрсенбай көшесі №2	(872432) 5-14-42

Сенім телефоны (872432)5-14-42

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru)	ТАРАЛЫМЫ: 4000	Газет бетіндегі жарияланымдардың
«Желтоқсан и К» ЖШС		Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінен тіркеліп	Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.	позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Бас редактор Сәрсенкүл Бөйдешқызы БИҚОЖАЕВА	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	№14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі	Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49	Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН	Телефон: 23-16-08 23-16-11	№1026-Г - 11.01.2000 ж	Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы	Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
		Газет аптасына бір рет жарық көреді	Тапсырыс	Сурет сапасына редакция жауап бермейді

ЖҰМЫС ОРНЫН АШУДАН 2-ШІ ОРЫНДАМЫЗ

Атқарылған жұмыстардың нәтижесімен өңірлік карта шеңберінде **14486 жұмыс орны ашылып**, жылдық көрсеткішімізді **55 пайызға** орындалып, **Республика бойынша 2-ші орынға тұрақтаппыз**. Сенбейтіндер үшін *жұмыс орындары нақты зейнетақы аударымдары және тіркелген электронды еңбек шарттарымен расталған.*

Яғни, оның ішінде **ұлттық жобалар** шеңберінде **438(27%),бос орындарға 5469(48%),субсидияланған жұмыс орындары 5756(68%)** және **жеке бастамаларда 2823 (61%)** орындары ашылған.

Мемлекет және Үкімет басшыларының тапсырмаларын уақытылы орындаудың барысында **жұмыссыздық деңгейі 2025 жылдың 1 тоқсанындағы 4,8 пайыздан 4,5 пайызға дейін төмендеп, республикалық деңгейдегі көрсеткішпен 2026 жылдың 1 тоқсан нәтижесімен бір деңгейде қалыптасып отыр.**

«Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне 3852 адам оқыса, **«Электронды еңбек биржасы»**порталы арқылы 17502 адам онлайн-оқудан өтіп, біліктілігін арттырған.

Жыл басынан бері 50 рет **бос жұмыс орындар**

БАЛЫҚ ҚОРЫН ҚОРҒАУ – БОЛАШАҚ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Арал өңірінің табиғи байлығының бірі – Сырдария өзені, Кіші Арал теңізі, Ақшатау және Қамыстыбас көлдер жүйесінің балық қоры. Бұл табиғи ресурс өңірдің экологиялық тұрақтылығы мен биоалуантүрлілігін сақтауда ерекше маңызға ие. Сондықтан балық ресурстарын қорғау және оларды ұтымды пайдалану — мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі.

Осы мақсатта Қазақстан Респу-бликасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2026 жылғы 3 наурыздағы №78 бұйрығымен **«Балық ресурстары мен басқа да су жануарлары объектілерін, олардың беліктері мен дериваттарын пайда-лануға шектеулер мен тыйым салуларды енгізу, сондай-ақ оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілеу туралы»** құжаты қабылданды.

Аталған бұйрыққа сәйкес балық қорын сақтауға бағытталған бірқатар талаптар белгіленген. Атап айтқанда, электр тогын, жарылғыш және уландырғыш заттарды, шанышқы, найза, қақпан сияқты заңсыз аулау құралдарын пайдалануға, рұқсат етілмеген аулау тәсілдерімен балық аулауға, сондай-ақ тиісті рұқсат құжаттарынсyz жануарлар дүниесін пайдалануға тыйым

салынады. Сонымен қатар қыстайтын шұңқырларда, уылдырық шашу кезеңінде және балықтардың көбею орындарында балық аулауға жол берілмейді.

Арал-Сырдария бассейні бойынша бұйрықтың 5-тармағына сәйкес тыныштық аймақтары белгіленген. Атап айтқанда **Ақлақ гидроқұрылыс жайының төменгі барьерінен бастап Сырдария өзенінің арнасы бойымен оңтүстік-батыс бағытта Көкарал бөгетіне дейін, сондай-ақ солтүстік бағытта Кіші Арал теңізінің №9 және №10 балық кәсіпшілігі учаскелерінің шекарасына дейінгі теңіздің барлық сағалық акваториясында жыл бойы балық аулауға тыйым салынған.**

Бұл аумақтар – балықтардың табиғи көбеюі мен қоректенуіне аса маңызды учаскелер. Сондықтан белгіленген талаптарды сақтау табиғи балық қорын қалпына келтіруге және келешек ұрпақ үшін сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Азаматтардың табиғат қорғау заңнамасын сақтауы – әркімнің азаматтық жауапкершілігі. Белгіленген тыйымдарды бұзу Қазақстан Республикасының **Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 383-бабына** сәйкес әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады.

Заңнамада құқық бұзушылықтың сипатына қарай айыппұл салу, құқық бұзушылық құралы болған аулау құралдарын және заңсыз ауланған балықты тәркілеу сияқты шаралар көзделген. Ал егер заңсыз әрекет қоршаған ортаға ірі залал келтірсе немесе қылмыстық құқық бұзушылық белгілері анықталса, кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына сәйкес жауапқа тартылады.

«Арал орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемле-кеттік мекемесі» коммунал-дық мемлекеттік мекемесі өңір тұрғындарын, табиғат пайдалану-шыларды және әуесқой балықшыларды табиғатты қорғау заңнамасының талаптарын қатаң сақтауға, белгіленген тыныштық аймақтарында және тыйым салынған мерзімдерде балық аулауғау шақырады.

Табиғатты қорғау – туған жерге деген жанашырлықтың айқын көрінісі. Бүгінгі сақталған әрбір балық қоры – ертеңгі ұрпақтың игілігі.

ЕРКІНОВ НҮРКЕН ЕРКІНҰЛЫ
«Арал орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ,
Балық маманы

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ СОТЫ 2026 ЖЫЛДЫҢ І ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНДАҒЫ ЖҰМЫСЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Қызылорда облысы соттарының 2026 жылдың І жартыжылдығындағы жұмыс қорытындылары бойынша кеңейтілген кеңес өтті.

Оған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы Е.Маукен, Қызылорда облыстық сотының төрағасы Ә.Шығамбаев, алқа төрағалары, облыстық сот судьялары, аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағалары мен судьялары қатысты.

Кеңейтілген кеңесті облыстық соттың төрағасы Ә.Шығамбаев ашып, қатысушыларды облыс соттарының 2026 жылдың І жартыжылдығындағы жұмыстарының қорытындыларымен таныстырды.

Жиын барысында қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы төрағасының міндетін атқарушы Қ.Абдуллаевтың, азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Ж.Жақсылықтың, әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы төрағасының міндетін атқарушы Ш.Маликованың есептері тыңдалды.

Баяндамаларда бірінші және апелляциялық сатылардағы

СОТ ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ТӨЛЕМДЕРІН АЛУ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАДЫ

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында талап қоюшы С.-ның тұрғын үй комиссиясы шешімінің өзіне қатысты бөлігін заңсыз деп тану туралы талап қоюы бойынша әкімшілік іс қаралды.

Талап қоюшы 2013 жылы әскери бөлімнің тұрғын үй комиссиясының хаттамалық шешімімен тұрғын үйге мұқтаждар тізіміне енгізілген.

Талап қоюшы сотқа берген талап қоюында өзіне 2018-2023 жылдар аралығындағы тұрғын үй төлемдері берілуге жататынын көрсетіп, тұрғын үй комиссиясы шешімінің өзіне қатысты бөлігін заңсыз деп танып, аталған кезеңге тұрғын үй төлемдерін төлеуді міндеттеуді сұраған.

Жауапкер аталған талап қоюмен келіспей, бұл кезеңде талап қоюшы сатып алу құқығымен потерді жалға алғанын, тұрғын үйге мұқтаж деп танылмағанын және тұрғын үй төлемдері тағайындалмағанын көрсеткен.

Сотта анықталғандай, талап қоюшы акционерлік қоғаммен потерді кейіннен сатып алу құқығымен жалға алу шартын жасасқан. Алайда, аталған пәтер оның және отбасы мүшелерінің жеке меншігіне өтпеген, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілмеген.

Бұл кезеңде талап қоюшының тұрғын үйге мұқтаж деп танудан бас тартуға негіздер болмағаны анықталды.

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты тұрғын үй комиссиясы шешімінің талап қоюшыға қатысты бөлігін заңсыз деп танып, талап қоюшының 2018-2023 жылдар аралығындағы тұрғын үй төлемдерін төлеу туралы өтінішін қайта қарауды міндеттеді.

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты

Сырдария аудандық соты

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Всем пользователям
подъездного пути ТОО «МЧ»

ТОО «МЧ» уведомляет Вас об изменении тарифа на прохождение подвижного состава по подъездным путям. Стоимость тарифа с 01.08.2026г. будет составлять ваг/км - 684,31 тенге без НДС.

ЗАМАНАУИ САУДА-ОЙЫН-САУЫҚ ОРТАЛЫҒЫ САЛЫНАДЫ?..

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев «Казстройподряд» ЖШС құрылтайшысы, «TUKIB» түрік-қазақ кәсіпкерлер қауымдастығының төрағасы Атайы Хикметті қабылдады.

Тараптар облыс орталығында заманауи сауда-ойын-сауық орталығын салу жобасын талқылап, алдағы жоспарларды бірлесіп жүзеге асыру жайын қарастырды.

- «Өткен аптада Қызылорда облысына арнайы келіп, өңірдің инвестициялық әлеуетімен танысқаныңыз үшін Сізге алғысымды білдіремін. Сол жолы заманауи сауда-ойын-сауық орталығын салуға қатысты жоспарды жан-жақты талқылаған болатынбыз.

Баршамызға белгілі, «Казстройподряд» – халықаралық деңгейде танылған, күрделі құрылыс жобаларын табысты жүзеге асырып келе жатқан бірегей компания. Сіздердің мол тәжірибелеріңіз Қызылорда қаласында заманауи сауда-ойын-сауық кешенін салуға мүмкіндік береді деп сенеміз.

Облыс әкімдігі жер телімі, қажетті инженерлік инфрақұрылыммен қам-

тамасыз ету және мемлекеттік органдармен келісу рәсімдеріне жан-жақты қолдау көрсетуге дайын», – деді аймақ басшысы.

А.Хикмет өңірде инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасалғанын атап өтіп, қолдау үшін алғысын білдірді.

«Казстройподряд» ЖШС – 2005 жылы құрылған отандық құрылыс компаниясы. Негізгі қызметі – заманауи құрылыс индустриясын дамыту, жоғары сапалы әрі сенімді стандарттарды қалыптастыру.

Компания осы уақытқа дейін Астанадағы ірі сауда-ойын-сауық орталықтарын, кеңсе ғимараттарын, заманауи тұрғын үй кешендерін, қонақ үйлерді, білім беру ұйымдарын, спорт кешендерін және болат конструкциялардан тұратын түрлі нысандарды салған.

Кездесуде компанияға сол жағалаудан немесе Президент парк аумағынан жер телімі ұсынылды. Тамыз айында сауда-ойын-сауық орталығының нақты эскизі таныстырылады.

СУДЫ ҚАЛАЙ ҮНЕМДЕЙМІЗ?..

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітөвпен кездесті. Кездесуде өңірдің су шаруашылығы саласының қазіргі ахуалы, вегетациялық кезеңнің өту барысы, су үнемдеу технологияларын енгізу және инфрақұрылымды жаңғырту мәселелері қаралды.

Аймақ басшысы министрліктің көрші мемлекеттермен жүргізген келіссөздерінің нәтижесінде биыл вегетациялық кезең тұрақты өтіп жатқанын айтты.

Бұқара қаласында өткен Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының отырысында Шардара су қоймасына 2,8 млрд. текше метр су жіберу туралы келісімге қол жетті. Шілденің 10-на дейін жоспарланған 2 млрд. текше метрдің орнына 2,8 млрд. текше метр су келіп, жоспар 40 пайыз артығымен орындалды.

Мемлекет басшысының су ресурстарын тиімді пайдалану жөніндегі тапсырмасына сәйкес, өңірде суармалы егіншілікті әртарапандыру жалғасуда. Биыл күріш алқабы өткен жылмен салыстырғанда 10,9 мың гектарға қысқартылып, 70 мың гектар болды. Кейінгі төрт жылда күріш көлемі 19 мың гектарға немесе 21 пайызға азайды. Қысқартылған күріш алқаптарының орнындағы 10 мың гектар жерге суды аз қажет ететін дәндік жүгері егілді.

Басқосуда өңірдің тыныс-тіршілігіндегі маңызды су жобаларын қолдау мәселелері талқыланды. Атап айтқанда «Арал теңізінің солтүстік бөлігін қалпына келтіру» жобасын іске асыруды бастау. Жоба бойынша Көкарал бөгетін 44 метрге дейін көтеріп, Солтүстік Арал теңізінің сыйымдылығын 34 млрд текше метрге дейін ұлғайту қарастырылған. Бұл аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға, тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді.

Қазалы ауданындағы 31 мың гектар егістікті, 120 мың гектар шабындық пен жайылымды сумен қамтамасыз ететін «Қараөзек» су қоймасының құрылысын бастау мәселесі де талқыланды. Жоба Ислам даму банкі қаржысы есебінен жүзеге асырылады.

Сондай-ақ су шығынын азайту үшін 66 каналды бетондау мәселесі қаралды. Бүгінде сараптамадан өткен 17 жобаны қаржыландыруға бюджеттік өтінім берілген.

ЖОБА ҚҰЖАТТАРЫ РӘСІМДЕЛУДЕ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев «Fabe Agro» компаниясының басшысы Ахмет Бұдандмен кездесті. Кездесуде Қазақстан-Түркия ынтымақтастығы аясында Қызылорда облысында заманауи жылыжай кешенін салу барысы және инвестициялық әріптестікті одан әрі кеңейту мәселелері талқыланды.

- «Қазақстан-Түркия Форумы аясында облысымызда заманауи жылыжай кешенін салу жобасы бойынша меморандумға қол қойып, бірлескен жұмыстың жаңа кезеңіне негіз қалаған болатынбыз.

Бұл кездесуіміз қол жеткен келісімдерді іске асыруға, инвестиция, ауыл шаруашылығы және өзге де салалардағы ынтымақтастықты кеңейтуге тың серпін береді деп сенеміз», – деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ жылыжайда өндірілетін қызанақты ішкі және сыртқы нарыққа жіберуге қажетті қорап-жәшік шығаратын өндіріс орнын ашу бастамасы да талқыланды. Бұл өнімдерді заманауи талаптарға сай қаптауға, логистикалық шығындарды азайтуға және өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Аймақ басшысы өңірде жаңа өндірістерді орналастыруға қолайлы жағдай жасалғанын атап өтті. «Қорқыт Ата арнайы экономикалық аймағынан» инвесторларға жер учаскесін беру, инфрақұрылым шығындарының бір бөлігін өтеу және «бір терезе» қағидаты бойынша кешенді қолдау шаралары қарастырылған.

Аталмыш жобаны жүзеге асыру бойынша инвестициялық келісімшарт жасасуға қажетті құжаттарды рәсімдеу жұмыстары жүргізілуде.

ӘКІМГЕ АЙТАР МӘСЕЛЕНІҢ МӘН ЖАЙЫ...

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев азаматтарды кезектілік тәртібімен жеке қабылдады. Бүгінгі қабылдауға 13 адам тіркелсе, оның екеуі онлайн қосылды.

гемодиализ қабылдайтын науқастарға көрсетілетін медициналық көмекті жетілдіру жайына тоқталды.

Өңірде созылмалы бүйрек жетіспеушілігіне шалдыққан 358



Келушілердің басым бөлігі әлеуметтік қолдау, денсаулық сақтау, коммуналдық инфрақұрылым, жұмыспен қамту мәселелерін көтерді.

адам амбулаториялық гемодиализ орталықтарында ем қабылдайды. Бүйрек трансплантациясына мұқтаж азаматтардың ұсыныстары назарға алынып, көтерілген бастамаларға

ТАУ-КЕН ӨНЕРКӘСІБІН ДАМЫТАМЫЗ...

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев «Liaoning Hongda Group» директорлар кеңесінің төрағасы Тан Цзяоганды және аталған компанияның өкілдерін қабылдады.

Кездесуде облыс әкімі компанияның Қазақстан мен Қытай арасындағы инвестициялық ынтымақтастықты дамытуға қосып отырған үлесін жоғары бағалап, Жаңақорған ауданында іске асырылатын жалпы құны 1,3 млрд АҚШ доллар болатын қорғасын-мырыш тау-кен байыту кешендері жобасының өңір үшін стратегиялық маңызын атап өтті.

Жоба аясында екі карьер, екі тау-кен байыту фабрикасы және кейіннен металлургиялық зауыт салу жоспарланған. Өңір басшысы облыс әкімдігі тарапынан жоба «Жасыл дәліз» тетігіне енгізілгенін айтып, оны іске асыру барысында қажетті әкімшілік қолдау көрсетілетінін,

жан-жақты сүйемелденетінін жеткізді.

Өз кезегінде компания басшылығы жобаны іске асырудың қазіргі кезеңі, инфрақұрылым жеткізу және металлургиялық зауыт құрылысына дайындық бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы ақпарат берді.

Кездесу қорытындысында тараптар инвестициялық жобаларды уақытылы әрі тиімді іске асыру бағытындағы өзара ынтымақтастықты одан әрі жалғастыруға дайын екендігін білдірді.

Бүгінде компания Жаңақорған ауданында кен орнын игеру бағытындағы жобаның алғашқы кезеңін бастап, онда 260 жергілікті тұрғынды жұмыспен қамтып отыр. Бұл – өңірдің әлеуметтік-экономикалық, өндірістік әлеуетін арттырудағы маңызды жоба. Тау-кен саласын өркендетудегі бастамалар табысты әрі жүйелі жүзеге асып келеді.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС – БИЛІКПЕН АРАДАҒЫ КӨПІР

Аймақ басшысы Мұрат Ерғешбаев облыстық қоғамдық кеңес мүшелерімен кездесті. Оған басқарма және департамент басшылары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Облыс әкімі жиынға қатысушыларды Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының заңды күшіне енуімен құттықтап, Мемлекет басшысы бастамашылық еткен конституциялық реформалардың елдің саяси жүйесін жаңғыртудағы тарихи маңызын атап өтті.

–Жаңа Конституцияда адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заң үстемдігін қамтамасыз ету, мемлекеттік институттардың тиімділігін арттыру және Әділетті Қазақстан қағидаттарына негізделген қоғам құру басты басымдық ретінде айқындалды. Бұл өзгерістер мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтып, азаматтардың ел дамуына белсенді қатысуына жаңа мүмкіндік береді.

Бүгін Өздеріңізбен пікір алмасу мақсатында жүздесіп отырғанымға қуаныштымын. Қоғамдық кеңес – билік пен қоғам арасындағы алтын көпір, ел мүддесі мен халықтың талап-тілегін тоғыстыратын маңызды институт. Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз, елдік мәселелерге қатысты ой-пікірлеріңіз, ұсыныстарыңыз алдағы жұмысымызға бағыт-бағдар болатынына сенімдімін.

Жақында ғана облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы болып сайланған Байқадамов Наурызбай Сейтқалиұлын шын жүректен құттықтаймын! Алдағы



уақытта кеңеспен бірге өңір халқының игілігіне бағытталған ортақ шешімдер қабылдаймыз деген ойдамын, – деді Мұрат Ерғешбаев.

Кездесуде облыстық қоғамдық кеңестің мүшелері, Ұлттық ғылым академиясының академигі, профессор Қылышбай Бисенов, облыстық мәслихат депутаттары Жорабек Нұрымбетов, Қайрат Ерназаров, М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің директоры, облыс бойынша бала құқықтары жөніндегі уәкіл Жақсыгүл Тоғанова, жеке кәсіпкер Пірмұхамед Сыздық және «Qyzylorda» телеарнасының бас редакторы Айнұр Тұңғышбаева өз пікірлерін білдірді.

Қоғамдық кеңестің маңызды мәселелерге орай сындарлы диалог алаңын қалыптастырудағы маңызы зор. Кеңес мүшелері тұрғындардың мүдделерін білдіруде, әлеуметтік-экономикалық даму, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, экология және басқа да салалардағы өзекті мәселелерді талқылауда белсенділік танытып келеді.

Бүгінгі жиында да елді мекендерді газдандыру, су ресурстарын тиімді пайдалану, тарихи нысандарды мемлекет меншігіне қайтару, тұрғын үй құрылысы мен инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысты ұсыныстар айтылды.

БІРІНШІ КЕЗЕҢ - ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНАН АЙНАЛМА ЖОЛ САЛУ



Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев республикалық маңызы бар жол құрылысымен, индустриялық аймақтағы жобалармен танысты.

Алдымен KAZ-06 «Қарабұтақ-Қызылорда-Шымкент» автомобиль жолы құрамындағы Қызылорда қаласының айналма жолы құрылысының алаңына барды. Жауапты сала басшылары мен мердігер мекеме өкілдері жобаны іске асыру кезеңдері, құрылыс-монтаж жұмыстарының қазіргі жай-күйі, алдағы жоспар жөнінде баяндады.

Бұл – республикалық маңызы бар KAZ-06 автомобиль жолының Қызылорда қаласынан Сексеуілге дейінгі бөлігін II техникалық санаттан I санатқа ауыстыруға бағытталған кешенді жобаның бірінші кезеңі. Айналма жолдың жалпы ұзындығы 25,8 шақырым, жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынған. Құрылысты «Қыран» ЖШС жүргізуде.

Мұнда 4 көпір, 2 жол айрығы, 1 демалыс алаңы және 9 су өткізгіш құбыр салу жоспарланған. Қазіргі таңда жер жұмыстары, жол негізін дайындау және инженерлік құрылыстарды орнату қарқынды жүргізілуде.

Құрылыс алаңына 80 жұмысшы мен 60-тан астам арнайы техника жұмылдырылған. Сонымен қатар, бетон араластыру торабы жұмыс істейді. Өнімділігі сағатына 160 тонна болатын екі асфальт-бетон зауыты іске қосылып, қазіргі уақытта өнімділігі сағатына 240 тонна болатын үшінші зауыт монтаждалып жатыр.

Аймақ басшысы «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолының 2-12 шақырым аралығындағы орташа жөндеу жұмыстарының барысын да көрді.

Жобаның бас мердігері – «Дорстрой», техникалық қадағалаушысы – «АрхиДизайнСтройИнжиниринг» серіктестіктері, келісімшарт құны – 2 млрд 483,9 млн теңге. Ұзындығы 9,76 шақырым, ені 14 метр учаске жөнделеді. Жол жабыны ресайклинг әдісімен 20 сантиметр етіп нығайтылып, оның үстіне 8 сантиметрлік ірі түйіршікті асфальт және 5 сантиметрлік қиыршықтасты-мастикалық асфальтбетон төселеді.

Күндіз-түні тоқтамайтын құрылыс

Қызылорда қаласынан Сексеуілге дейінгі жолды II техникалық санаттан I санатқа ауыстыруға бағытталған кешенді жобаның бірінші кезеңінің құрылыс алаңында 80 жұмысшы мен 60-тан астам арнайы техника жұмыс істеп жатыр. Қарқынды арттыру үшін мұндағы жұмыс режимі ауысымдық тәртіпке көшкен, яғни күндіз-түні тоқтамайды.

Жалпы 25,8 шақырымдық айналма жолдың құрылысын қолға алған «Қыран» ЖШС 4 көпір, 2 жол айрығын, 1 демалыс алаңы және 9 су өткізгіш құбыр салуды жоспарланған.

Бүгінде жол негізін дайындаумен қатар, инженерлік құрылыстар да орнатылуда.

Мемлекет басшысы 2023 жылғы 10 қазанда Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келгенде Қызылорда қаласынан Ақтөбеге дейінгі автомобиль жолын төрт жолақтыға ауыстырудың жобалау жұмыстарын жедел бастауды тапсырған болатын.

Жалпы жоба 2 кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңі – Қызылорда қаласынан айналма жолын салу.

ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚ - ӨНДІРІСТЕР МЕКЕНІ

Аймақ басшысы М.Ерғешбаев индустриялық аймақтағы, атап айтқанда шыны, құрылыс материалдары өндірісін көріп шықты.

бірі – «Ayna Glass» айна шығару кешені. Мұнда жылына 720 мың шаршы метр айна өндіріледі, 55 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Өндірісте



пайдаланылатын негізгі шикізат «Orda Glass LTD» зауытынан жеткізіледі, осылайша өңірде толыққанды өндірістік тізбек қалыптасты.

Алдағы уақытта «Комфорт-1 КЗ» ЖШС-ның шыңдалған шыны өндірісін кеңейту және автомобиль шынысын шығару жобасын іске қосу жоспарланған.

Құрылыс индустриясы бағытында да бірқатар кәсіпорын тұрақты жұмыс істеп тұр. Атап айтқанда, «Саз-М» ЖШС жылына 90 млн. кірпіш өндіреді. Ал ЖК «Ақселеу» кәсіпорны жылына 6 млн. күйдірілген кірпіш шығарады, 25 адамды тұрақты жұмыспен қамтыған.

СОЛТҮСТІККЕ КӨШКІСІ КЕЛЕТІНДЕР ЖОҚ ЕМЕС...

Жыл сайын облыс әкімдігінің ұйымдастыруымен сәуір - мамыр айларында солтүстік өңірлердің қатысуымен үлкен форматта «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкелері өткізіліп тұрады. Өткен жылы мамыр айында өткізілген жәрмеңкеде 8 мыңнан астам бос жұмыс орны ұсынылған.

Ағымдағы жылы да жалғасын тауып «Құзырет орталығында» **«Еңбек hub – QYZYLORDA» өңіраралық бос жұмыс орындары** жәрмеңкесі өткізіліп, жергілікті 42 жұмыс берушілерден **600-ге жуық** және Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қостанай, Абай, Ұлытау, Шығыс Қазақстан облыстарынан 9 мыңнан астам, **барлығы 10 мыңнан астам бос жұмыс орындары** ұсынылған.

Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарымен «Өңіраралық ынтымақтастық туралы еңбек ресурстарымен алмасу және қоныс аударуға жәрдемдесу» жөніндегі екі жақты меморандумға қол қойылып, шара барысында 200-ден аса азамат жұмыспен қамтудың белсенді шаралары мен тұрақты жұмысқа жолдамалар алды. 80-ге жуық қала тұрғындары Солтүстік өңірлерден келген жұмыс берушілерден ұсынылған жұмыс орындарымен танысып, қоныс аударуға ниет білдіріпті.

Қоныс аударушыларға берілетін мемлекеттік қолдау шарасы да көпшілікті қызықтыратыны белгіл.

Мәселен: көшуге субсидиялар – Отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК бойынша біржолғы төлем (302750 тг.);

- 12 ай ішінде бір отбасына 15-



тен 30 АЕК-ке дейін, 64875 теңгеден 129750 теңгеге дейін төленетін тұрғын үйді жалдау, жалға алу және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды жабу үшін субсидиялар;

- 400 АЕК мөлшерінде қоныс аударуға жәрдем көрсететін жұмыс берушілер үшін субсидиялар;

- қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға

жолдама;

- жұмысқа орналасуға немесе кәсіпкерлік бастаманы дамытуға жәрдемдесу;

- тұрғын үй сатып алуға экономикалық мобильділік сертификаттарын беру қоныс аударушылар үшін жақсы көмек. Айта кетейік Тұрғын үй сертификат құны 1 қаңтардан бастап 1625 АЕК көбейіп отыр (7 028 125 тг.).

АТАУЛЫ КӨМЕК АЛАТЫНДАР АЗ ЕМЕС

Қызылордада биылғы жылдың алғашқы жартысында *18170 отбасы мүшелері* бар 3438 отбасына 1367,8 млн.теңгеге **атаулы әлеуметтік** көмек төленіпті. Бұдан бөлек атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасыларындағы 1 жастан 6 жасты қоса алғанға дейінгі 5462 балаға 143,8 млн.теңге **қосымша төлем** төленді.

Жыл сайын бюджеттен тыс көздерден халықтың әлжуаз топтарынан шыққан отбасының **6462** мүшесіне **165,2** млн.теңгеге **қайырымдылық көмек** көрсетіледі.

Тұрғын үй көмегімен аз қамтылған отбасыларына коммуналдық қызмет шығындарын өтеу бойынша **463**отбасына немесе **1175** мүшесіне **23058,8** мың теңге төленді.

Жекелеген санаттағы әлеуметтік қолдауды қажет ететін **3827** адамға жергілікті атқарушы органдардың шешімдері бойынша **782119,5** мың теңгеге әлеуметтік төлемдер төленді.

Қанша шетел жұмыс күші бар?

Қызылорда облысы бойынша Шетелдік жұмыс күшін тартуға 510 бірлік квота бөлінген. *1-ші санат 30, 2-ші санат 180, 3-ші санат 300, 4-ші санат және маусымдық жұмыскерлер жоқ.*

Рұқсатпен 260 шетел азаматтары, *оның ішінде Қытайдан 213, Сербиядан 3, Украинадан 1, Түркиядан 41, Ливаннан 1, Египеттен 1 жұмысшы* жұмыс атқарады.

Салық алымы жыл басынан **90,8 млн теңгені** құрады.

Шетелдік жұмыс күшін тартуға 109 бірлік рұқсат берілген, яғни *1-ші санат 7, 2-ші санат 30, 3-ші санат 72.*

2025 жылы шетелдік жұмыс күшін тартуға **598** бірлік квота бөлінген (*1-ші санат - 30, 2-ші санат - 180, 3-ші санат - 300, 4-ші санат - 0, маусымдық жұмыскерлер - 88*).Салық алымы **206,9 млн теңгені** құрады. Шетелдік жұмыс күшін тартуға **278** бірлік рұқсат берілді (*1-ші санат - 11, 2-ші санат - 87, 3-ші санат - 180*).

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫНА КІМ ҚАРАЙДЫ?

Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде «Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қоры **тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына** арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетеді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары болып танылған **152** адамға оның ішінде *39 ана, 113 балаға* арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетілуде.

Өңірде мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес **адам саудасының құрбандарына** стандартқа сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтерді «Шағын кәсіпкерлер әйелдерінің қоғамы» қоғамдық бірлестігі қызмет көрсетіп келеді.

Адам саудасының құрбандары болып танылған **25** адамға, *оның ішінде 3 балаға* арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетілуде.

ЖЕКЕ КӨМЕКШІГЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ӨЗГЕРДІ

Бүгінгі күні Қызылорда облысында **34** мыңнан астам (*34872*) мүгедектігі бар адам тіркелген.

Оның ішінде І-ші топ 4643, ІІ-ші топ 10569, ІІІ-ші топ 12774, 18 жасқа дейінгі бала –6886 яғни 19,7 % оның ішінде еңбекке жарамды жастағылары 19393, яғни 55,6%. 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бары 6886 бала бар.(лік

Мүгедектігі бар адамдарды оңалтудың жеке бағдарламасын орындауға 2026 жылы мемлекеттік бюджеттен 6,9 млрд. теңге бөлініп, биылғы жылдың 6 айында **28604** адам техникалық **оңалту құралдарымен** қамтамасыз етілген.

Облыс көлемінде 2023-2027 жылдарға бекітілген жоспарға сәйкес 2026 жылы мәдениет, денсаулық сақтау, білім беру, транспорт, жеке сектор, әлеуметтік және спорт саласы бойынша жоспарланған **364 объектілерінің бейімдеу жұмыстары** есепті кезеңге толығымен орындалып (*81,0%*), Қолжетімділіктің интерактивті картасына енгізілген.

Жеке көмекшінің қызметтерін ұсынудың жаңа тәсілдері қалыптасып жатыр

Заңнаманы бірыңғай қолдануды қамтамасыз ету, сондай-ақ жеке көмекшінің қызметтерін

көрсетуге байланысты қатынастарды ресімдеу кезінде құқықтық айқынсыздықты болдырмау мақсатында Министрлік Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 288 «Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жеке көмекшінің қызметтерін көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрықты әзірлеп, қабылдады. Биылғы жылдың 30 маусымында бұған өзгертулер мен түзетулер енді.

Осыған байланысты **Қағидаларда** еңбек қатынастарының белгілерін қамтитын ережелер алынып тасталды; жеке көмекшінің қызметтерін ақылы көрсетуге арналған **үлгілік шарт** бекітілді.

Жаңа ереже бойынша алып жүру бойынша бір қызметке ең көп дегенде 3 сағат көрсетілуін ескере отырып, айлық есептік көрсеткіштің **54,56 пайызы** мөлшерінде, яғни *4325*54,56%=2359,72 теңге бір қызмет үшін, 2359,72*60=141583*

Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысының міндетін атқарушы Ж.Даулетбаеваның БАҚ өкілдеріне брифингінен

АХАТОВТЫҢ АВТОБУСҚА МІНГЕНІ

Қала әкімі Ахатовтың автобусқа мінген, қалалықтар үшін аса қатты жаңалық емес. Бұған дейін де аялдамада отырған, автобусқа мінген әкімдер болған.

ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТЕКСЕРІЛДІ

Ресми ақпарат: Қызылордадағы жолаушылар қызметінің сапасын бақылау үшін қала әкімі Нұржан Ахатов бірнеше маршруттағы автобустарға мініп, қоғамдық көліктердің тазалығын, жүру жиілігін зерделеп, тұрғындармен пікірлесті.

Қазіргі таңда қалаішілік барлық бағыттағы автобустар күннің шамадан тыс ыстық болуына қарамастан штаттық режимде қызмет көрсетуде. Күнделікті таң ертесімен рейске шығатын маршруттар салоны тазаланып, дезинфекциядан өткізіледі. Сондай-ақ, техникалық жағдайы тексеріліп, жүру жиілігі диспетчер арқылы қадағаланады.

Жалпы жазғы каникул кезінде жолаушылар санының төмендеуіне байланысты автобустардың да қатары азаятыны белгілі. Дегенмен, бұл сапалы қызмет көрсетуге кері әсерін тигізбейді.

Ахатовтың ол әріптестерінен өзіндік ерекшелігі автобусқа мінгеннен кейін үнсіз тұрмай, көлік ішіндегі жолаушылармен жұбе-жүз тілдесіп, қоғамдық көліктің хал-жайын тұрғындардан тікелей білмекші болған талпынысы. Өшейінде әлеуметтік желіде әжептәуір әңгіме болып жататын көліктің кешігуі, жұрттың аялдамаларда ұзақ күтіп қалуы, көлік қозғалысы интервалының көптігі туралы айтылмады. Қала әкімі Н.Ахатов көлік

21 маршрутта: Әкім: - Автобустар уақытылы жүреді ма?

- Жаксы, әсіресе 21 өте жаксы жүреді.

Әкім: - Азаңғы кезде жұрт жұмысқа барады ғой. Аялдамаларда көп күтіп қалмайсыздар ма деп жатқаным ғой. Ара қанықтығы дұрыс па? - Жоқ, жаксы. Автобустар жүріп тұрса, жұрт жұмыстан қалмаса болды ғой.

14 маршрутта:

Әкім: - Кондиционерлер істеп тұр ма, мінген автобустарыңызда?

МОНИТОРИНГ ТОП РЕЙДІ

Суға шомылу маусымында су айдындарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қала әкімдігі жанынан құрылған мониторингтік топ күн сайын рейдтік жұмыстар жүргізуде.

Кезекті рейд барысында Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов тұрғындарға судағы қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау қажеттігін түсіндірді.

Суда қауіпсіздік ережелерін сақтамай, белгіленбеген жерлерде шомылу салдары су айдындарында қайғылы жағдайлардың орын алуына әкеледі. Сондықтан су айдындарында қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау керек.

Бүгінде қала аумағында рұқсат етілген 19 демалыс орны мен қалалық жағажай тұрғындарға қызмет көрсетуде. Жазғы маусымда тұрғындардың қауіпсіз демалысын ұйымдастыруға және қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған шаралар тұрақты жалғасатын болады.

МАЛҒА ДА ДӘРІ-ДӘРМЕК КЕРЕК

Үстіміздегі жылы мал басын аман сақтау үшін облыс көлемінде эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау мақсатында **аса қауіпті 13** түрлі жұқпалы ауруларға республикалық бюджет есебінен **6244,7** дозаветеринариялық препараттар қаралып отыр.Облысқа **бөлінген 4004,3 мың доза** ветеринариялық препараттар аудандарға таратылды.

Қазіргі күні **6 айлық** жоспарға сәйкес **3153,9** мың доза алдын-ала егіліп, іс-шара **толық** орындалды.

Ветеринария саласында ауқымды **атқарылған жұмыстардың нәтижесінде** ағымдағы жылдың **22 мамырда Дүниежүзілік жануарлар денсаулығы ұйымының (ВОАН) 93-ші Бас сессиясында** Қазақстанға вакцинация жүргізілетін аусыудан **таза аймақ мәртебесі ресми түрде берілді**. Қазақстан бүгінде Шығыс және Орталық Азиядағы вакцинация жүргізілетін аусыудан таза аймақ мәртебесі **халықаралық деңгейде танылған жалғыз мемлекетке айналды**.

Бұл мәртебе ветеринария саласында қызмет атқаратын мамандардың еңбектерінің **нәтижесі**.

Облыс көлеміндегі барлық **57 сібір жарасының** көміндісі талапқа сәйкес толық бетонмен қоршалып, қауіпсіздік белгілері қойылып, мемлекеттік жер **кадастрлық** нөмірлері алынған және **санитарлық қорғаныш** аймағы белгіленген.

Орны анықталмаған 7 көміндіні **анықтауға** жұмыс тобы **құрылып**,«Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты» ЖШС ғалымдарымен бірге тиісті жұмыстар **жүргізілді**. Нәтижесімен координаттары нақтыланбай, расталмағандығы туралы қорытынды **акті** жасалып, **реестрден** алуға Ауыл шаруашылығы министрлігіне **ұсыныс** берілді.

Бруцеллез ауруына қарсы **864,5**мың бас жануар оның ішінде *302,7 мың бас мүйізді ірі қара, 533,2 мың бас уақ мал, 27,6 мың бас түйе, 0,05 мың бас шошқа, 0,9 мың бас ет қоректілер* диагностикалық тексерілді. Нәтижесінде **37** бас *мүйізді ірі қара, 9 бас уақ мал* ауру болып анықталып, ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкес **уақытылы сойылды**.

Үстіміздегі жылға **6 түрлі** энзоотиялық ауруларға қажетті препараттар алуға облыстық бюджеттен **332,6** млн. теңге бөлінді. Қазіргі күні, қажетті препараттар аудандарға таратылып, **6 айлық** жоспарға сәйкес **411,5** мың бас алдын-ала егілді.

Осы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде облыс көлемінде **эпизоотиялық жағдай тұрақты**.

2026 жылдың **1 шілдесіне** ақпараттық жүйеде **1538,3** мың бас оның ішінде *410,5 мың бас мүйізді ірі қара, 777,7 мың бас уақ мал, 281,2 мың бас жылқы, 68,2 мың бас түйе, 0,7 мың бас шошқа тіркелді*.

Қазіргі күні барлығы *72,3 мың бас мүйізді ірі қара, 214,3 мың бас уақ мал, 21,0 мың бас жылқы, 8,8 мың бас түйе, 0,3 мың бас шошқа 316,7* мың бас бірдейлендірілді.

Үстіміздегі жылы бірдейлендіруге қажетті **459,1** мың құлақ жапсырмаларын алуға облыстық бюджеттен **56,0** млн. теңгеге бөлінді. Қазіргі күні мемлекеттік сатып алу өткізіліп, келісім-шарт жасалды.

«Тортүлік» мобильді қосымшасы және оның тиімділігін жетілдіру мақсатында мал иелеріне түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі таңда облыс бойынша «Тортүлік» мобильді қосымшасына тіркелген ауыл шаруашылығы жануарлары иелерінің саны **39552-ге Аралдан 6611, Қазалыдан 5863, Қармақшыдан 4363, Жалағаштан 4104, Сырдариядан 4130, Шиеліден 6434, Жаңақорғаннан 5778, Қызылордадан 2269**, мал иесі тіркелді

Облыстық ветеринария басқармасы

Қызылорда – ортақ үйіміз

ҚЫЗЫЛОРДА ҚЫСТА ЖЫЛЫ БОЛСЫН ДЕП...

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен Қызылорда қаласында бой көтерген жаңа жылу-электр орталығының жұмысымен танысты. 240 мегаватт электр, 277 гигакалория жылу энергиясын өндіретін орталық құрылысына түркиялық «AkсаEnergy» компаниясы 215 млрд. теңге инвестиция салды.

Жоба аясында қуаттылығы 185 мегаватт 3 газ турбиналық қондырғы, 55 мегаваттық 1 бу турбинасы, 3 бу және 2 су жылыту қазандығы орнатылған. Жаңа орталықты тамыз айында толық іске қосу жоспарлануда.

Бұдан кейін облыс әкімі «Қызылордажылу-электр орталығына» барды. Қазіргі мұндағы жылу энергия көздерінің 85 пайызы, жылу желілерінің 40 пайызы тозған. Станция 67 мегаватт электр, 355 гигакалория жылу энергиясын өндіреді.

Жалпы алдағы жылу беру маусымына дайындыққа 5,5 млрд. теңге қаржы бөлу жоспарланған. Бұл қаражат есебінен 8,7 шақырым жылу желісін жаңғырту жобасы аяқталып, №1 және №2 газ турбиналық қондырғыларға күрделі жөндеу жүргізіледі. Сонымен



қатар 1,3 шақырым жылу желісі, 1 қазандық, 1 турбина, 10 автономды қазандық, негізгі және қосалқы жабдықтар жөнделеді.

Облыс әкімі «Қызылорда электр тарату тораптары» мекемесіне де барды. Мекемеге қарасты 10 608 шақырым электр желісі, 2 058 қосалқы станция бар, ал трансформаторлардың

жалпы қуаты 1 350 мегаватт.

Тұрғындардың қалыпты тұрмыс-тіршілігіне қамтамасыз ететін нысандарды аралау қорытындысымен жауапты сала жетекшілеріне тапсырмалар берілді. Олар – алдағы жылу беру маусымына дайындықты уақытылы, сапалы жүргізу, тұтынушыларға электр энергиясын тұрақты жеткізу.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ ҚАНДАЙ?



Қала әкімдігінің баспасөз орталығында Төтенше жағдайлар басқармасының аға инспекторы Елдар Есенгелдиев суға шомылу маусымының өту барысы мен судағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында атқарылған жұмыстар туралы ақпарат берді.

Брифингте тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кешенді профилактикалық жұмыстар жүргізілгені айтылды. Қалада «Эдельвейс» және «Сыр толқыны» жағажайлары жұмыс істеуде. Ал, суға түсуге тыйым салынған 16 қауіпті учаскеге 46 ескерту тақтайшасы, 12 баннер және 25 трафарет орнатылып, күн сайын құтқарушылардың кезекшілігі ұйымдастырылуда.

Судағы қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру үшін сауда орталықтарында дауыс зорайтқыштар арқылы ескерту хабарламалары беріліп, БАҚ пен әлеуметтік желілерде ақпараттық материалдар жариялануда.

Жазғы демалыс кезінде 52 білім беру ұйымында 15 628 оқушыны қамтыған қауіпсіздік тақырыбындағы интерактивті және практикалық сабақтар өткізілді.

Жыл басынан бері тыйым салынған орындарда суға түскені үшін 8 құқық бұзушылық анықталып, кінәлі тұлғаларға Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 412-бабына сәйкес шара қолданылған.

ҚАЛАНЫ АРАЛАДЫ

Аймақ басшысы Мұрат Ерғешбаев қаладағы бірқатар нысандарды аралады. Алдымен аймақ басшысы сол жағалаудағы «Қайсар Арена» стадионына барды.

Бірегей нысанда жасыл алаңнан бөлек бокс, спорттық гимнастика, таеквондо, ауыр атлетика және күрес түрлеріне арналған арнайы жаттығу залдары қарастырылған. Қазіргі таңда мұнда грек-рим күресі мен таеквондо үйірмелері ашылып, спортшылар күнделікті жаттығуда. Алдағы қыркүйек айынан бокс және дзюдо секциялары да өз қызметін бастайды.

Аймақ басшысы үйірмелер жұмысымен танысып, спортшылардың жаттығуына қажетті құрал-жабдықтардың сапасына, материалдық-техникалық базасына назар аударды.

Бұдан кейін сол жағалауда бой көтерген 7 қабатты 84 пәтерлік алты тұрғын үйдің құрылыс алаңына барды. Құрылысына 12,5 млрд. теңге бөлінген жобаның бас мердігерлері – «Дөнекер» және «Сәт Сервис» ЖШС, тұрғын үйдің аумағы

35898 шаршы метр. Жұмыс жоспарға сәйкес жүріп жатыр, тамыз айында аяқталып, ел игілігіне беру көзделген.

Келесі табыс – 2003 жылдан бері жиіаз өндірісінде нысанғы жұмыс істеп келе жатқан «Панабек» ЖШС. Кәсіпорында жылына 20 мың жиіаз шығарылады. Бүгінде өндіріс үдерісі автоматтандырылып, цифрлық басқару жүйелері толық енгізілген. Өндірістің барлық кезеңін қамтитын цифрлық бақылау жүйесі жұмыс істейді. Ақауларды автоматты түрде анықтайтын кешен дайын өнімнің сапасын тұрақты бақылауға мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде өндіріс толықтай басқарылатын цифрлық ортаға көшкен.

Қазіргі уақытта мұнда жасалған кеңсе, ас үй, мектеп және өзге де жиіаз түрлері ішкі нарыққа бағытталған. Алдағы екі жылда өнімні Өзбекстан мен Қырғызстанға экспорттау жоспарланып отыр.

Облыс әкімі кәсіпорынның цифрландыру бағытындағы бастамаларына оң бағасын берді.

ЖАҢА ЗАҢНАМА НОРМАЛАРЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы 2026 жылы 15 наурызда өткен жалпыхалықтық референдумда қабылданып, 1-ші шілдеден бастап күшіне енгені белгілі.

Осыған сәйкес заңнамалар мен нормативтік-құқықтық актілерге де бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, жекелеген Заң түрлері қайта қабылданды. Олардың қатарында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Заңы» да бар. Заңда мемлекеттік қызметшілерге қоылатын талап қайта қаралып, жан-жақты күшейтілді.

Қызылорда қаласы әкімдігінің мәжіліс залында заңнама нормалары жан-жақты түсіндірілді. Жиынға арнайы келген Қазақстан Респу-

бликасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Ерленген Мәндалиев пен Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Қызылорда облысы бойынша өкілі Берікбол Байхожаев өзгерістерді кеңінен түсіндіріп, мамандармен ашық әңгіме өрбітті.

Өз кезегінде қала әкімінің әдеп жөніндегі уәкілі Мұрат Тасқараев әкімдіктің қызметкерлерін Заң талаптарын бұлжытпай орындауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы «мүлдем төзбеушілік» қағидасын ұстануға, жалпыға ортақ моральдік-өдептілік нормаларын ұстануға, қандаем байланыс жасауда кішіпейілдік танытып, қызметке жауапкершілікпен қарауға шақырды.

Заңсыз сауда

жасауға болмайды

Орталық алаң аумағында заңсыз сауда жасау және рұқсатсыз қызмет көрсетудің алдын алу мақсатында рейдтік іс-шара өткізілді.

Аралауда заң бұзушылыққа жол берген тұлғаларға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 204-бабына сәйкес әкімшілік шаралар қолданылып, тиісті айыппұлдар рәсімделді.

Қазіргі таңда аталған аумақ тиісті сала мамандарының тұрақты бақылауында. Қала тұрғындарын заң талаптарын сақтауға және қоғамдық тәртіпті бірлесіп нығайтуға шақырамыз!

ІЛГЕРІЛЕУШІЛІК АЙҚЫН БАЙҚАЛАДЫ

Биылғы жылдың алты ай қорытындысын қараған Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен мәжіліс өтіп, онда 2026 жылғы қантар-маусым айындағы әлеуметтік-экономикалық даму және республикалық бюджеттің атқарылу қорытындылары талқыланды. Бұл жиындағы бағыттар бойынша қала әкімдігінде шаһар басшысы Нұржан Ахатов тиісті сала жетекшілеріне бірқатар тапсырмалар жүктелді.

Жыл басынан бері қалада әлеуметтік экономикалық дамудың негізгі макроқорсеткіштері бойынша өсім қалыптасты. Барлық салада ілгерілеушілік айқын байқалады. Мақсатты шаралар жүйелі жүзеге асырылуда. Биыл «РемПластИнвест», «Дезинфекция» және «Қызылорда Құрылыс НК» секілді 3 жаңа кәсіпорын іске қосылады деп жоспарлануда. Дәл осындай нысандарды ашу басты мақсат саналады.

2025 жылы 220/35/6 кВ «КТЭЦ» қосалқы станциясында 35 кВ әуе желілерінде жүктеменің артуына байланысты «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ң ұсынысымен, қуаты 40 000кВА Т-3 трансформаторы қуаты 63000 кВА трансформаторына ауыстырылды, сонымен қатар «КЕГОК» АҚ-на тиесілі 220 кВ «Қызылорда» қосалқы станциясына қосымша қуаты 25 000кВА Т-3 трансформаторы орнатылды.

Компания өз қаражаты есебінен жыл сайын инвестициялық бағдарлама аясында 500 млн. теңгеге қала орталығындағы 35 шақырым 10/0,4кВ электр желілерін жаңғыртуда.

Сондай-ақ тұтынушыларды сапалы және тұрақты электр энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында компания өз күшімен келесі жұмыстарды атқаруда:

• қала орталығындағы Жаңа базар, ГОВД, Универсам, Площадь, Арсенал, Болашақ шағын аудандарын электр энергиясымен қамтамасыз ететін 35/10кВ «Орталық» қосалқы станциясының жүктемесін бөлу мақсатында қосымша 6300кВА қуаттылығымен Т-3 күштік трансформаторы орнатылды.

• Әл-Фараби, Комсомол, Шанхай, Қорқыт ата, КБИ, шағын аудандарын электр энергиясымен қамтамасыз ететін №21 10кВ орталық тарату пунктіннің жүктемесін 35/10кВ «Залинейная» қосалқы станциясынан 35/10кВ «Байтерек» қосалқы станциясына ауыстыруға 3 шақырым 10кВ кабель желісі тартылып қосылды.

• Тасбөгет ауданын электр энергиясымен қамтамасыз ететін №28 10кВ орталық тарату пунктіннің әуе желісі өткен ғасырдың 70 жылдары салынып, тозу деңгейі 100%-ға жеткен. Аталған әуе желісінің өткізу қабілетін және сенімділігін арттыру мақсатында 1,2 шақырымы 10кВ кабель желісіне ауыстырылды.

Облыс әкімінің қолдаумен облыстық бюджеттен қаражат бөлініп, келесі жұмыстар атқарылуда:

• 800 млн. теңгеге Л-31А, Л-32А «Қызылорда – Промышленная» 35кВ әуе желісінің АС-95 маркалы сымы АССС маркалы сымына ауыстырылып, аталған әуе желісінің тоқ өткізу қабілеттілігі 330А – ден 843А – ге дейін көтерілді.

• 218 млн. теңгеге Л-33, Л-34 «КТЭЦ – Шұғыла» 35кВ әуе желісінің АС-95 сымы АС-120

“Қызылорда су жүйесінің” басшысы Ж.Абатов:

БАРЛЫҚ НЫСАНДАРДА АУЫЗ СУ ТҰРАҚТЫ ӘРІ ҮЗДІКСІЗ БЕРІЛУДЕ

Шіліңгір шілдеде қалалықтар үшін ауыз судың орны бөлек. Аяқ суды айтпағанда...

Өкінішке орай соңғы күндері күн де ысыды, тұрғындардың суға қатысты өтініштері де көбейді. Қала басшылығы, сала мамандары өтініштердің өзегін анықтап, су бойынша ақауларды реттеп, тұрақты су беруге тырысып жатқаны анық.

Сейсенбідегі Өңірлік Коммуникациялар қызметінде өткен брифингте “Қызылорда су жүйесінің” басшысы Ж.Абатов мән-жайды баяндады.

Күнделікті қалаға 89 жер асты ұңғымасы мен Сырдария өзенінен 92 мың текше метр ауыз су беріледі. Орталықтандырылған ауыз су желісіндегі қысым нормативке сәйкес 2,2 атмосфераны құрайды.

Келіп түскен өтініштердің басым бөлігі ведомстволық теңгерімдегі және магистральдық ауыз су желілеріне қатысты болды. Атап айтқанда:

13.07.2026 ж. Қызылжарма су алу құрылымында электр энергиясының сағат 16:55-тен 21:00-ге дейін өшуіне байланысты ауыз су беру тоқтатылды. 17:10 аралықта дизельді электр станциясы іске қосылып, 40 минут ішінде ауыз су қысымы реттеліп, су тұрақты берілді.

13.07.2026 ж. «Профилактория» ұңғымасының сорғы қондырғысы электр кернеуінің тұрақсыздығына байланысты сағат 20:00-де істен шықты. 14.07.2026 ж. сағат 09:30-да насос қондырғысы орнатылып, қайта іске қосылды.

14–16.07.2026 ж. Сабалақ су алу құрылымында электр энергиясының күн сайын 16:00-ден 17:00-ге дейін өшуіне байланысты Сабалақ саяжайы аумағында ауыз су қысымы төмендеді. Алайда су қысымын тұрақты ұстап тұру үшін 15 мин аралықта дизельді электр станциясы іске қосылып, 30 минут ішінде қысым тұрақталып, тұрғындарға ауыз су үздіксіз берілді.

15.07.2026 ж. Шәкәрім көшесі тұрғындарының өтініші бойынша тексеру жүргізілді. Нәтижесінде Тайманов көшесіндегі ауыз су құбырында орналасқан диаметрі 300 мм ысырманың істен шыққаны анықталып, жаңасына ауыстырылды. Қазіргі уақытта ауыз су тұрақты беріледі.

17.07.2026 ж. Мерей су алу құрылымында электр энергиясының 16:00-ден 18:00-ге дейін өшуіне байланысты Ақмешіт және Мерей мөлтек аудандарында ауыз су қысымы төмендеді. Дизельді электр станциясы 16:25 іске қосылып, 45 минут аралықта ауыз су қысымы тұрақталып, тұрғындарға ауыз су үздіксіз берілді.

19.07.2026 ж. Асфандияров көшесі тұрғындарынан ауыз су қысымының төмендеуіне қатысты шағым түсті.

Мән-жайды анықтау үшін Әл-Фараби тұрғын ауданының ауыз су жүйесіне зерделеу жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде тұрғындар өз қаражаттары есебінен диаметрі 63 мм, ұзындығы шамамен 400 метр ауыз су құбырын тартып, оны диаметрі 200 мм орталық ауыз су желісіне қосқаны анықталды. Аталған желі бастапқыда бір тұрғын үйді сумен қамтамасыз етуге жүргізілсе, қазіргі уақытта тұтас көше осы желі арқылы ауыз сумен қамтылып отыр. Соның салдарынан желінің өткізу қабілеті жеткіліксіз болып, ауыз су қысымы төмендеген.

Сонымен қатар ауа температурасының шектен тыс жоғарылауына байланысты тұрғындардың ауыз суды көгалдандыру және тұрмыстық мақсаттарда шамадан тыс пайдалануы артып, бұл ауыз су желісіндегі қысымның төмендеуіне әсер етуде.

13–17.07.2026 ж. электр кернеуінің тұрақсыз болуына байланысты 5 су алу ұңғыманың, сондай-ақ «Орленок», ЖЭО №3, «Арай-18», «Комсомол» және «Степь-3» насос қондырғылары істен шықты.

Барлық ақаулар жедел түрде жойылып, істен шыққан насос қондырғылары жаңасына ауыстырылды. Қазіргі уақытта барлық нысандарда ауыз су тұрақты әрі үздіксіз беріледі.

- «Бөлім басшылары, кент және ауылдық округ әкімдері өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша барлық макроэкономикалық көрсеткіштердің оң өсімін қамтамасыз етуге жұмыс жасаныздар. Жұмыс ырғағы бәсеңдемеуі керек. Салық түсімдері және бюджеттің игерілуі бойынша тиісті шараларды нақты орындау қажет», - деді Нұржан Сәбитұлы.

Жиында қала және қалаға іргелес елді мекендердің тазалығы мәселесі де қаралды. Қала әкімі жауапты мекеме басшыларына қала тазалығын қамтамасыз ету, абаттандыру қағидаларын сақтау және қоғамдық орындардың тастаудың алдын алу бағытындағы шараларды күнделікті бақылауда ұстауды тапсырды. Сондай-ақ, белгіленбеген орындар мен кестеден тыс уақытта қоқыс тастаған тұрғындарды анықтап, әкімшілік құқық бұзушылықтарға полиция қызметкерлері тарапынан тиісті айыппұл салу жұмыстарын күшейтуді міндеттеді.

КҮННІҢ ЫСТЫҒЫ ЖАРЫҚТЫ “ЖЕП” ҚОЮДА

– ға ауыстырылып, тоқ өткізу қабілеттілігі 380А-ге дейін көтерілді.

• 462 млн. теңгеге Л-51, Л-52 «Промышленная - Тасбөгет» 35кВ әуе желісінің АС-95 сымы АС-150 – ге ауыстырылуда.

• 805 млн. теңгеге Л-55, Л-56 «Тасбөгет – Амангелді» 35кВ әуе желісінің АС-95 сымы АС-150 – ге ауыстырылуда.

Алдағы уақытта қала аумағындағы 35 кВ электр желілерінің жүктемелерін бөлу мақсатында сол жағалаудан жаңадан 220/35/10 кВ «Левобережная» қосалқы станциясын салу жоспарлануда. Жоба құны 21 млрд. теңге. Қала орталығын 35кВ электр желісімен қамтамасыз етіп тұрған ең басты ГМЗ, Силкатная, Комсомол, Залинейная, Промышленная қосалқы станцияларын 5 түйір 35/10 кВ ұлттық жоба аясында қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізіп, күштік трансформаторларының қуаттылығын арттыру, «КЕГОК» АҚ-ның теңгерімдегі 220/35/10кВ «Қызылорда» қосалқы станциясының 2х63000 кВА күштік трансформаторларын 2х125000 кВА трансформаторы ауыстыру жоспарлануда.

• Сол жағалаудағы тұтынушыларды сапалы және тұрақты электр энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында қосымша 2х6300кВА күштік трансформаторымен жаңа 35/10кВ қосалқы станциясын салу жоспарлануда. Қазіргі таңда қажетті материалдар мен электр жабдықтарын сатып алу процедуралары жүргізілуде, жыл соңына дейін қосалқы станцияны қосу жоспарлануда. Жоба құны 1,5 млрд. теңге.

• Президент саябағы аумағындағы жаңадан салынып жатқан нысандарды және Эдельвейс, Наурыз, Киров, Еңбек, Ақсуат, Баймұрат барық аумақтарындағы тұтынушыларды сапалы және тұрақты электр энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында 2 x 16 000кВА күштік трансформаторымен жаңадан 35/10кВ қосалқы станциясы салынууда. Сонымен қатар жүктемені көтеру мақсатында 35/10кВ

«Жаңаарық» қосалқы станциясының 2х10000 кВА күштік трансформаторлары 2х16000 кВА күштік трансформаторына ауыстыру жоспарлануда.

Басы 1 - бетте

АРДАГЕРЛЕР ҚЫДЫРЫП ЖҮР

Жақында Байқоңыр ғарыш айлағының №31 ұшыру алаңынан ғарыш кемесі «Союз-2.1а» зымыран-тасығышы арқылы көкке көтерілді. Қызылорда қаласының ардагерлері осы тарихи сәтті күзгері болды. Қала әкімдігінің қолдауымен Байқоңырға сапарлаған 50-ге жуық бастауыш ардагерлер ұйымының төрағалары және белсенді мүшелері айрықша әсерге бөлініп, марқайып қалды.

Таңертеңнен арнайы көлікпен жолға шыққан қазыналы қарттар қасиетті Қармақшы топырағында болып, бірқатар мәдени-тарихи нысандарды да аралады. Киелі орындарда суретке түсіп, көне жәдігерлермен танысты.

Тарихи орындарды аралап, ерекше сәтті тамашалаған қарттар ұйымдастырушыларға алғыстарын айтты. Сапарлас болған



замандастар әңгіме-дүкен құрып, осы бағыттағы бастамалардың мұнымен тоқтап қалмайтынына сенім білдірді.

ХАБАРЛАМА!

Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы бойынша шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі қайта конкурсқа шығарылған жер учаскелерінің тізбесі

№	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің көлемі, гектар	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Жер пайдалану құқығы	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Алқаптардың құрамы	Бонитет балы	Өңірдің ауылшаруашылығына мамандануы	Сумен қамтамасыз етілу мүмкіндігі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Жалағаш ауданы, Аққыр ауылдық округі аумағы гектар	326	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Жеңіл саздақты	Жайылымы 263 га, басқа алқаптары 63 га	6	Мал шаруашылығы	Жоқ
2	Жалағаш ауданы, Аққыр ауылдық округі, «Айдар» су ұңғымасы аумағы	213	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Жеңіл саздақты	Жайылымы 172 га, басқа алқаптары 41 га	6	Мал шаруашылығы	Бар
3	Жалағаш ауданы, Аққұм ауылдық округі, «Оң жаға» каналы мен «Солтүстік коллектордың» қиылыс аймағы	73	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Орташа сазды	Жайылымы 59 га, басқа алқаптары 14 га	4	Мал шаруашылығы	Бар
4	Жалағаш ауданы, Жанадария ауылдық округі, «Қызылқұм» өңірі	1000	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Құмдар	Жайылымы 808 га, басқа алқаптары 192 га	2	Мал шаруашылығы	Жоқ
5	Жалағаш ауданы, Жанадария ауылдық округі, «Атжайған» учаскесі	637	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Жеңіл саздақты	Жайылымы 515 га, басқа алқаптары 122 га	2	Мал шаруашылығы	Жоқ
6	Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округінің солтүстік беті аумағы	3800	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Ауыр саздақты	Жайылымы 3070 га, басқа алқаптары 730 га	3	Мал шаруашылығы	Жоқ
7	Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округінің солтүстік беті аумағы	600	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Орташа саздақты	Жайылымы 485 га, басқа алқаптары 115 га	5	Мал шаруашылығы	Жоқ
8	Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округі аумағы	83	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Құмдақты	Жайылымы 67 га, басқа алқаптары 16 га	4	Мал шаруашылығы	Жоқ
9	Жалағаш ауданы, Мақпалкөл ауылдық округі, «Мысыккөл» өңірі	409	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Орташа саздақты	Жайылымы 330 га, басқа алқаптары 79 га	2	Мал шаруашылығы	Жоқ

Конкурс Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 43-1 бабына және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3 мекен-жайда орналасқан «Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2026 жылғы «7» тамыз сағат 9⁰⁰ - ден бастап 2026 жылғы «20» тамыз сағат 19⁰⁰ - ге дейін қабылданады.

Конкурс өткізу Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Өйтеке би көшесі №12 мекен-жайындағы Жалағаш ауданы әкімдігінің мәжіліс залында 2026 жылғы «21» тамыз күні сағат 16⁰⁰ - де басталады.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде;

1) Қазақстан Республикасының мемле-

кеттік емес заңды тұлғалары үшін - заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің - заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін - өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш

жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасау жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Ақашаруашылықты жүргізу үшін жер учаскесін бөруді қоспағанда, конкурстық ұсыныста::

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналас-тыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндет-темелер;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17

қаңтардағы № 7 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19893 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы мақса-тындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларын және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақ-стан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 бұйрығымен (Нормативтік құқық-тық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілі-мінде № 15090 болып тіркелген) бекі-тілген Жайылымдарды ұтымды пайда-лану қағидаларын қоса алғанда, Қазақ-стан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің маман-дануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылады.

Өтінім беруші конкурстық ұсыныста ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Конкурстық ұсынысты, «электрондық

үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдай-ларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және ариф-метикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалы-ғын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және 2026 жылғы 21 тамыз сағат 16⁰⁰ - ге дейін ашуға болмайды» деген сөздер жазылады.

Конкурсқа шығарылған жер учаскелерінің орналасу сызбасын Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3 мекен-жайда орналасқан «Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен көруге болатындығын хабарлаймыз. Байланыс телефоны: 8(72431) 31-8-70.

ИЗВЕЩЕНИЕ!

Перечень земельных участков, повторно выставленных на конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства по Жалағашскому району, Кызылординской области.

№	Расположение земельного участка	Площадь земельного участка, гектар	Целевое назначение земельного участка	Право землепользования	Качественная характеристика почв	Состав угодий	Балл бонитета	Сельскохозяйственная специализация региона	Возможность обеспечения водой
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Жалағашский район, территория Аккырского сельского округа	326	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	легкосуглинистая	Пастбища 263 га, прочие угодья 63 га	6	Животноводство	Нет
2	Жалағашский район, Аккырский сельский округ, территория скважины «Айдар»	213	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	легкосуглинистая	Пастбища 172 га, прочие угодья 41 га	6	Животноводство	Есть
3	Жалағашский район, сельский округ Аккум, территория пересечения канала «Правая ветка» и «Северного коллектора»	73	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	среднеглинистая	Пастбища 59 га, прочие угодья 14 га	4	животноводство	Есть
4	Жалағашский район, сельский округ Жанадария, урочище «Қызылқұм»	1000	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	Пески	Пастбища 808 га, прочие угодья 192 га	2	Животноводство	Нет
5	Жалағашский район, сельский округ Жанадария, участок «Атжайған»	637	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	Легкосуглинистая	Пастбища 515 га, прочие угодья 122 га	2	Животноводство	Нет
6	Жалағашский район, северная сторона Каракеткенского сельского округа	3800	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	тяжелосуглинистая	Пастбища 3070 га, прочие угодья 730 га	3	Животноводство	Нет
7	Жалағашский район, северная сторона Каракеткенского сельского округа	600	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	средносуглинистая	Пастбища 485 га, прочие угодья 115 га	5	Животноводство	Нет
8	Жалағашский район, территория Каракеткенского сельского округа	83	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	пески	Пастбища 67 га, прочие угодья 16 га	4	Животноводство	Нет
9	Жалағашский район, сельский округ Мақпалколь, урочище «Мысыкколь»	409	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	среднесуглинистая	Пастбища 330 га, прочие угодья 79 га	2	Животноводство	Нет

Конкурс проводится в соответствии со статьей 43-1 Земельного кодекса Республики Казахстан и приказом заместителя Премьер-Министра Республики Каз ахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 20 декабря 2018 года №518 «об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства».

Прием заявок на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного произведе-ства осуществляется в коммунальном государственном учреждении «Отдел сельско-го хозяйства и земельных отношений Жалағашского района» по адресу: Кызыл-ординская область, Жалағашский район, поселок Жалағаш, улица Желтоқсан №3 с 9⁰⁰ часов «7» августа 2026 года до 19⁰⁰ часов «20» августа 2026 года.

Проведение конкурса начнется «21» августа 2026 года в 16⁰⁰ часов в зале заседаний акимата Жалағашского района по адресу: Кызылординская область, Жалағашский район, поселок Жалағаш, улица Айтеке би №12.

Заявка на участие в конкурсе по пред-оставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства,

сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридических лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (об объеме размера в уставном капитале), сведения об аффилированных лицах заявителя;

2) для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о доку-менте, удостоверяющем личность заявителя;

3) местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) обязательства по заключению договора временного возмездного земле-пользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного произ-водства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного

землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по пре-доставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители юридического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законо-дательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение, за исключением предоставления земельного участка для ведения аквакультуры, содержит:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, приме-няемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологи-ческого оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфра-структуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства

Республики Казахстан, включая Правил рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, утверж-денных приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 января 2020 года № 7 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 19893), и Правил рационального использования пастбищ, утвержденных Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 24 апреля 2017 года № 173 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 15090), выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантин-ных требований.

Обязательства и бизнес-план, пред-ложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного произ-водства. Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или

написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала «электронного правительства».

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсное предложение указывается надпись «Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного произ-водства» и «Не вскрывать до 16⁰⁰ часов «21» августа 2026 года».

Сообщаем, что схему расположения земельных участков, выставленных на конкурс, можно посмотреть в Коммунальном государственном учреждении «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Жалағашского района», расположенном по адресу: Жалағашский район, поселок Жалағаш, улица Желтоқсан №3.

Контактный телефон: 8(72431) 31-8-70.

Сұрағым бар...

БІРНЕШЕ БАНКТЕ НЕСИЕҢІЗ БОЛСА, ОНЫ ҚАЛАЙ РЕТТЕП, ТИІМДІРЕК ЕТУГЕ БОЛАДЫ?

Кредиттер бойынша қарыздарды реттеуге арналған Finkelisim.kz бірыңғай платформасы іске қосылды.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Бірінші кредиттік бюромен бірлесіп 1 шілдеде тұтынушылық кепілсіз кредиттер бойынша берешекті реттеуге арналған Finkelisim.kz бірыңғай цифрлық платформасын іске қосты. Бұл платформа банктер алдында бірнеше берешегі бар азаматтарға арналған. Енді олар мәселесін шешу үшін банкке жеке-жеке барып жүрмейді.

№1. Платформа кімдерге арналған?

Жаңа сервис бір уақытта бірнеше кредитор – банктер, микроқаржы ұйымдары не коллекторлық агенттіктер алдында тұтынушылық кепілсіз кредиттер, яғни мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген кредиттер бойынша мерзімі өткен берешегі бар азаматтарға арналған.

Енді қарыз алушыға берешек мәселесін шешу үшін әрбір кредиторға жеке-жеке жүгіну қажет емес. Платформада барлық кредитор қарай алатын бір өтініш беруге болады.

Finkelisim.kz платформасы қарыз алушының барлық кредитор алдындағы берешегі туралы мәліметтерді автоматты түрде жинап, жолданымды қарауға қажет ақпаратты қалыптастырады.

№2. Платформа тегін бе?

Медиатордың қызметтерін қоспағанда, қарыз алушының ұжымдық

реттеу рәсіміне қатысуы тегін. Бұл ретте 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін медиатордың қызметтеріне төленетін ақы банк және микроқаржы омбудсмандарының есебінен өтеледі.

№3. Платформада кімдер өтініш бере алады?

Мынадай критерийге сәйкес келетін қарыз алушы өтініш бере алады:

екі және одан да көп кредитор алдында кредиттер бойынша 90 күнге және одан да көп күнге созылған мерзімі өткен берешегі бар болса;

кредиттер бойынша жиынтық берешегі 150 АЕК – 1 600 АЕК, яғни 2026 жылы 648 750 мен 6 920 000 теңге аралығында болса; берешек бойынша өндіріп алу туралы сот актілері, нотариустың атқарушылық жазбалары және мәжбүрлеп өндіріп алудың өзге де шаралары жоқ болса.

Несие беру тәртібі өзгереді: мерзімі өткен қарызы бар азаматтарға қосымша несие берілмейді

№4. Кімдер өтініш бере алмайды?

Бұл ретте ұжымдық реттеу рәсіміне мынадай қарыздары бар қарыз алушылар қатыса алмайды:

ипотекалық қарыздар; автокредиттер; кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты банктік қарыздар немесе микрокредиттер; алаяқтық жолмен рәсімделген кредиттер; заңнамаға сәйкес мерзімді әскери

қызмет өткеретін қарыз алушыларға төлемдерді кейінге қалдыру берілген кредиттер;

медиация тәртібімен дауды реттеу туралы келісім қолданыста болған кредиттер;

төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот банкроттығы рәсімдері қолданылатын берешек.

№5. Қалай өтініш беру қажет?

Ең алдымен қарыз алушы плат-формада тіркеліп, биометриялық сәйкестендіруден өтуі керек. Бұл өзінің жеке басын растау және бөгде адамдардың өтініш беруін болдырмау үшін қажет. Осыдан кейін берешекті реттеуге өтініш бере алады.

Бұдан әрі платформа кредиттік бюроның деректері бойынша қарыз алушының ұжымдық реттеу шарттарына сәйкес келетіндігін автоматты түрде тексереді.

Егер қарыз алушы белгіленген шарттар мен өлшемшарттарға сәйкес келсе, платформа реттеу аясына енгізілуі мүмкін кредиттер тізімін жасайды және бұл ақпаратты креди-торларға жібереді.

№6. Қарыз алушының өтініші қалай қаралады?

Кредиторлар қарыздар бойынша мәліметтерді тексереді және берешек мөлшерін растайды. Осыдан кейін платформада қарыз алушыға қол қою үшін мына құжаттар жіберіледі:

омбудсменнің шешімі бар хаттама; қарызды өтеудің бірыңғай кестесі; медиатормен шарт;

сондай-ақ әрбір кредитор мен медиативтік келісімдер.

Қарыз алушы ұсынылған шарт-тармен танысып, платформада 72 сағат ішінде құжаттарға қол қоюға тиіс. Егер осы мерзімде құжаттарға қол қойылмаса, бұл реттеу рәсіміне қатысудан бас тарту болып саналады.

№7. Берешекті ұжымдық реттеу рәсімі қалай жүзеге асады?

Құжаттарға қол қойылғаннан кейін кредиторлар реттеу рәсіміне енгізілген кредитор бойынша берешекті өндіріп алуды тоқтата тұрады. Бұдан кейін қарыз алушы бірыңғай кесте бойынша төлемдерді енгізеді, ал платформа ақшаны берешек мөлшеріне теңбе тең кредиторлар арасында бөледі. Ұжымдық реттеу рәсімін қолдану және оның аяқталуы туралы ақпаратты кредиторлар кредиттік бюроларға жібереді.

Егер қарыз алушы қол қойыл-ған келісімдердің шарттарын орындамайтын болса, кредитор төлемдердің 40 күн мерзімі өткеннен кейін заңдарда белгіленген тәртіппен берешекті өндіріп алуға құқылы.

Бұл ретте қарыз алушының бере-шекті ұжымдық реттеу рәсіміне қайтадан қатысуына жол берілмейді.

Кредиттер бойынша міндеттеме-лерді орындауға мүмкіндігі жоқ қарыз алушылар «ҚР азаматтарының төлем қабілетін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» ҚР Заңында көзделген шарттарға сәйкес келген кезде соттан тыс банкроттық рәсімін қолдануға өтініш беру туралы

ЖЕР АКТІСІН ҚАЙДАН АЛАМЫЗ?

Жер учаскелеріне мемлекеттік актілерді беру қызметі толықтай онлайн форматқа көшті

Былғы жылдың 12 шілдесінен бастап жер учаскелеріне мемлекеттік актілерді беру жөніндегі мемлекеттік қызмет Халыққа қызмет көрсету орталықтарында (ХҚКО) көрсетілмейді. Енді мемлекеттік актіні рәсімдеу өтінімді тек eGov.kz порталы арқылы жүргізіледі. Бұл өзгерістер Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрығына сәйкес күшіне енді.

Қызметті алу үшін пайдаланушы eGov.kz порталына кіріп, жер учаскесіне мемлекеттік актіні беру қызметін таңдап, қажетті мәліметтерді толтырып, өтінімге электрондық сәйкестендірудің қолжетімді тәсілдерінің бірі арқылы қол қоюы қажет. Өтінім қаралғаннан кейін дайын нәтиже пайдаланушының Жеке кабинетінде қолжетімді болады.

Мемлекеттік қызметті алу тәртібі туралы толық ақпарат [eGov.kz порталындағы қызмет паспортында](#) орналастырылған.

- *«Бұған дейін жер учаскесіне мемлекеттік актіні алу үшін азаматтар ХҚКО-ға жеке жүгінуге міндетті болатын. Қазіргі таңда мұндай қажеттілік іс жүзінде жойылды, өйткені өтінімдердің 96%-ы онлайн форматта беріледі, ал 12 шілдеден бастап қызмет көрсету процесі толықтай цифрлық форматқа көшірілді. Енді eGov.kz порталында өтінім беріп, оған ЭЦҚ арқылы қол қойып, дайын құжатты жеке кабинеттен алу жеткілікті. Осыған ұқсас тәсілмен сұранысқа ие ТОП-10 мемлекеттік қызметті цифрландыру жұмыстары жүргізілуде. Бүгінде бұл тәсіл нақты нәтижесін көрсетіп отыр: ХҚКО операторларына түсетін жүктеме 30%-ға төмендеді. Соның нәтижесінде мыңдаған азамат мемлекеттік қызметтерді ХҚҚО-ға бармай, кезекте күтпей-ақ әлдеқайда жылдам ала бастады», – дейді Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің бірінші вице-министрі Ростислав Коняшкин.*

Бүгінде онлайн форматта қолжетімді мемлекеттік қызметтердің қатарындажылжымайтын мүлікке техникалық паспорт пен оның телнұсқасын беру, электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) алу, тұрғылықты жері бойынша тіркелу, жүргізуші куәлігін алу, еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттарды беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту сияқты қызметтер бар.

Сонымен қатар егер азаматта қызметті онлайн алу үшін қажетті жағдайлар болмаса, ол ХҚКО-дағы өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарын пайдаланып, мемлекеттік қызметті дербес рәсімдей алады.

Мемлекеттік қызметті толықтай онлайн форматқа көшіру Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, Ауыл шаруашылығы министрлігі, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ бірлескен жұмысының нәтижесінде жүзеге асырылды.

ҚАРЫЗДАРДЫ ҚАЛАЙ РЕТТЕУГЕ БОЛАДЫ?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қарызды өтеуде қиындықтар туындаған кездегі іс-қимыл тәртібі туралы еске салады.

Егер қарыз алушы қаржылық жағдайының нашарлауына тап болса және қарыз шарты бойынша міндет-темелерді уақтылы орындау мүмкіндігі болмаса, кредиторға - банкке немесе микроқаржы ұйымына қарызды қайта құрылымдау туралы өтінішпен дереу жүгіну ұсынылады.

Өтінішке жұмысынан айрылу, кірісінің төмендеуі, еңбекке уақыт-ша жарамсыздық немесе берешекті өтеу мүмкіндігіне әсер еткен өзге де мән-жайлар сияқты қаржылық қиындықтардың туындау себептерін растайтын құжаттарды қоса беру қажет. Заңнамаға сәйкес, банк немесе микроқаржы ұйымы қарыз алушының жолданымын оны алған күннен бастап **күңтізбелік 15 күн ішінде** қарауға және қарау нәтижелері туралы жазбаша жауап беруге міндетті.

Қарау қорытындылары бойынша кредитор қарыз шарттарын өзгертуді келісе алады, берешекті реттеудегі өзінің талаптарын ұсына алады не уәжді бас тартуды ұсына алады.

Реттеу шаралары ретінде ай сайынғы төлем мөлшерін азайту, төлемдерді кейінге қалдыру, өтеу кестесін өзгерту және кредитордың

ішкі рәсімдерінде көзделген өзге де тетіктер қолданылуы мүмкін.

Кредитордың шешімімен келіспеген жағдайда қарыз алушы дауды сотқа дейін реттеу үшін банк немесе микроқаржы омбудсманына жүгінуге құқылы.

Туындаған қаржылық қиын-дықтарды жасырмау және кредиторға уақтылы жүгіну ұсынылады. Уақтылы жүгіну берешекті реттеудің ықтимал нұсқаларын қарауға және қаржылық жағдайдың одан әрі нашарлау тәуекелін төмендетуге мүмкіндік береді.

2026 жылғы 1 шілдеден бастап тұтынушылық кепілсіз кредиттер бойынша берешекті ұжымдық реттеуге арналған Finkelisim.kz бірыңғай цифрлық платформасы жұмысын бастады. Сервис бірнеше банк, микроқаржы ұйымы немесе коллекторлық агенттік алдында бір мезгілде мерзімі өткен берешегі бар қарыз алушыларға барлық кредиторлардың қарауы үшін «бір терезе» қағидаты бойынша бір ғана өтініш беруге мүмкіндік береді. Реттеу нәтижесінде қарыз алушыға берешекті өтеудің 5 жылға дейінгі бірыңғай төлем кестесі ұсынылуы мүмкін, ал халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын азаматтар мен атаулы әлеуметтік көмек алушылар үшін бұл мерзім 7 жылға дейін ұзартылуы мүмкін.

Алайда, егер емдеуді одан әрі жалғастыру немесе қосымша зерттеулер жүргізу үшін міндетті медициналық сақтандыру тізіміне енгізілген медициналық қызметтерді алу қажет болса, онда мұндай пациентке міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде сақтандыру мәртебесін алу қажет болмайды.

Елден тыс жерлерге кеткен Қазақстан Республикасының азаматтары төлей ме?

Қазақстан Республикасы Конституциясының 38-бабына сәйкес заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әрбір азаматтың борышы мен міндеті болып табылады.

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі–**МӘМС туралы Заң**) 4-бабына сәйкес МӘМС жүйесінің негізгі қағидаттары мемлекеттің, жұмыс берушілердің және азаматтардың денсаулықты қорғау жөніндегі ортақ жауапкершілігі және аударымдар мен (немесе) жарналарды төлеу міндеттілігі болып табылады.

МӘМС туралы Заңның 14 – бабы 2-тармағының 9) тармақшасына сәйкес жарналарды өз бетінше төлейтін адамдар, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерге кеткен Қазақстан Республикасының азаматтары (бұдан әрі-*дербес төлеушілер*) жарналарды төлеушілер болып табылады.

Осылайша, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шыққан Қазақстан Республикасының азаматы МӘМС жарналарын төлеуге міндетті. Көрсетілген кезеңді дербес төлеуші ретінде әр ай үшін 4250 теңге сомасында төлеу қажет (дербес төлеуші ретінде жалдамалы қызметкерлерден, жеке кәсіпкерлерден, жеке практикамен айналысатын адамдардан, жеке көмекшілерден, жеңілдікті санатқа кіретін адамдардан басқа жеке тұлғалар төлейді).

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының ақпараты бойынша

АСҚАЗАН-ІШЕК ЖОЛЫ АУРУЛАРЫН ҚАЛАЙ АУЫРТПАЛЫҚСЫЗ АНЫҚТАУҒА БОЛАДЫ?

Асқазан-ішек жолы ауруларын анықтаудың ең ақпараттық әдістерінің бірі - фиброгастроудоскопия (ФГДС). Бүгінде бұл зерттеуден «МедАрт» клиника-сында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында ауыртпалықсыз өтуге болады.

Медициналық орталықта мұрын қуысы немесе ауыз арқылы енгізілетін диаметрі небәрі 4,2 мм болатын өте жұқа зонды бар заманауи жапон эндоскопы қолданылады. Құрылғының жұқалығының арқасында тек-серу барынша жайлы өтеді. Пациенттерде құсу рефлексі мен тамақтағы жағымсыз сезімдер болмайды.

- «Эндоскоп мұрын-жұтқыншақ арқылы ешқандай жайсыздық тудырмай оңай өтеді. Тексеру барысында асқазан-

ЖҮРЕК АУРУЫНА ҚАТЫСТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ОТА ТЕГІН БА?

Кенеттен болатын жүрек өлімінің алдын алуға мүмкіндік беретін заманауи жоғары технологиялық оталардың бірі – кардиовертер-дефибрилляторды имплантациялау. Жыл басынан бері көпбейінді облыстық аурухананың кардиологиялық орталығында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында жүрек ыргағының ауыр бұзылыстары бар пациенттерге осындай 25 ота жасалды.

Жалағаш ауданының 72 жастағы тұрғыны Құлшары Спандиярова бірнеше ай бойы енгіту мен ауа жетіспеушілігін сезініп жүрген. Алайда бұл белгілердің себебі өмірге қауіп төндіретін жүрек ырғағының бұзылуы екенін білмеген. Тексеру нәтижесінде оған кардиовертер-дефибрилляторды имплантациялау ұсынылды.

Ота сәтті өтіп, бүгінде жүрек соғысы қалыпты жұмыс істеп тұр.

- «Маған екінші өмір сыйлаған дәрігерлерге алғысымды білдіремін. Жүректің тоқтап қалғандай сезімі, бас айналу мен әлсіздік енді жоқ. Мұндай ота алғаш рет жасалды. Осындай қымбат еміді МӘМС аясында тегін алып, денсаулығымды

ның жағдайын қарады, полиптің өскені анықталды. Диагностикалық тексеруге жергілікті емхана жолдады, енді емімді жалғастырамын. МӘМС аясында қажетті медициналық қызметтерді уақтылы алуға мүмкіндік бар», — деді Қызылорда қаласының тұрғыны Сауле Оспанова.

Процедура бірнеше минутты алады. Осы уақыт ішінде мамандар өңеш пен асқазанның шырышты қабатының жағдайын бағалайды және қажет болған жағдайда әрі қарай гистологиялық зерттеу үшін тінделерн сынама алынады.

«ФГДС NBI - тар жолақты бейнелеу технологиясын қолдану арқылы жүзеге асырылады. Бұл жағдайда шырышты қабаттағы қан тамырлары мен капиллярлардың контрастылығын

мәселені қарауға құқылы.

№8. Берешекті өтеудің бірыңғай кестесі қалай жасалады?

Бірыңғай кестені жасағанда қарыз алушының берешегінің жалпы сомасы ескеріледі. Жалпы шарттарда қарыз алушылар үшін:

жиынтық берешек 1 млн. теңгеге дейін болған кезде ең жоғары ай сайынғы төлем 12 ай мерзімге 84 мың теңгені құрайды;

5-7 млн. теңге аралығындағы жиынтық берешек кезінде ең жоғары ай сайынғы төлем 60 ай мерзімге 117 мың теңгені құрайды.

Халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын қарыз алушылар мен атаулы әлеуметтік көмек алушылар үшін неғұрлым жеңілдетілген жағдайлар көзделген:

жиынтық берешек 1 млн. теңгеге дейін болған кезде ең жоғары ай сайынғы төлем 18 ай мерзімге 56 мың теңгені құрайды;

5-7 млн. теңге аралығындағы жиынтық берешек кезінде ең жоғары ай сайынғы төлем 84 ай мерзімге 84 мың теңгені құрайды.

№9. Бірыңғай кесте қанша уақытқа жасалады?

Жолданымды қарау және кредиторлармен талаптарды келісу нәтижесінде қарыз алушыға 5 жылға дейінгі мерзімге, ал халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын азаматтар мен атаулы әлеуметтік көмек алушылар үшін 7 жылға дейінгі мерзімге берешекті өтеудің бірыңғай кестесі ұсынылуы мүмкін.

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысы бойынша

Суреттер сөйлегенде

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР ЫСТЫҚТАН ҚОРҒАНУДА... Жаңбырлатып, су шашты...



Күннің күрт ысуына байланысты коммуналдық қызметтер күшейтілген режимге көшірілді. Қазіргі таңда «Қызылорда тазалығы», «Су жүйесі», «Автобус паркі», қалалық электр тарату орталығы, сондай-ақ жауапты мердігер мекемелер жұмыстарын үзіліссіз атқаруда.

Күн қатты ысығалы бері негізгі автокөлік жолдарына арнайы техникалардың көмегімен су себу жұмыстары жүргізіліп келеді. Сонымен қатар көлік ағыны көп көшелерге жаңбырлатып су себілуде. Мұның барлығы тұрғындарға қолайлы жағдай жасау мақсатында жүзеге асырылуда.

Қызылордалық күтқарушылар бала-қайларға ерекше қуаныш сыйлады. Өрт сөндіру автоцистерналарымен қаланы аралаған олар ата-аналарға және балаларға қауіпсіздік талаптарын түсіндіріп, жаңбырлатып су шашты. Балмұздақтар таратып, сергіту ойындарын ұйымдастырды.



Көшелерге су себу жұмыстары күшейтілді



БІРЛЕСКЕН КҮШ - ҮЙЛЕСКЕН ІС

Тұрғындардың жайлы тұрмысы үшін коммуналдық қызметтер үздіксіз жұмыс жүргізуде.

